zangazet@mail.ru

№48 (3272) 30 маусым 2020

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

СУДЬЯЛАР ҚҰЗЫРЕТІН КЕҢЕЙТКЕН ЗАҢНАМА

2 бет

ТОЙ-САДАҚА ӨТКІЗУ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

3 бет

«ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТОҒЫЗ ҚАБАТ, ТОР КӨЗДІ САУЫТЫ»

4 бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОРОНАВИРУС ЫРЫҚҚА КӨНБЕЙ БАРАДЫ

Ақордада өткен коронавирус індетінің таралуына қарсы шаралар қабылдау жөніндегі кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындардан арыз-шағым көп түсіп жатқанын жеткізді.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

Адай СЕКЕНҰЛЫ, *Еуразия ұлттық университеті туризм кафедрасының профессоры, география ғылымының докторы:*

«ТУРИЗМДІ МӘДЕНИЕТ және СПОРТ МИНИСТРЛІГІ БАСҚАРА АЛМАЙДЫ»

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИСТІК НЫСАНДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ АЛГОРИТМІ ӘЗІРЛЕНДІ. ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН БҰЛ САЛАҒА МҮЛІК САЛЫҒЫНАН ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ҚОРЫНАН САЛЫҚ, БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕРДЕН БОСАТУ ТҰРҒЫСЫНАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАСАЛЫП ЖАТЫР. БӨЛІНІП ОТЫРҒАН ҚАРЖЫ ДА АЗ ЕМЕС. ОНЫ БҰРЫНҒЫ ЖАҒДАЙМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА, РЕКОРДТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ДЕП АЙТУҒА БОЛАДЫ. ЯҒНИ, 2019–2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТУРИСТІК САЛАНЫ ДАМЫТУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 44 ТУРИСТІК ЖОБАҒА ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖҮРГІЗУ МАҚСАТЫНА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН 51,5 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРАЖАТ ЖҰМСАЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛЫП ОТЫР. ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІЗ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ АДАЙ СЕКЕНҰЛЫНА ЖОЛЫҒЫП, ПІКІРІН БІЛГЕН ЕДІК.

– Бұл салаға қаржы бұған дейін де аз бөлінген жоқ, бірақ, әзірге оның қайтарымы болмай келеді. Себебі, Қазақстанның жері кең, туризмге қажетті ресурстар болғанмен, оның базалары жоқ. Негізінде, Қазақстанда мұнай көздері қалай сарапталып, айқындалса, туризмге база болатын жерлерге де алдымен осындай жұмыс жүргізілуі қажет. Мәселен, Ақмола облысында Нұр-Сұлтан қаласы үшін туризмге пайдалануға болатын ресурстардың барлығы картаға, бейнетаспаға және фотоға түсіріліп, ақпараттар толық жинақталу керек. Қазақстанда бес жылда 100 ландшафты ашамыз дейтін болсақ, соның бәрінің базасын 360 градуспен түсіретін технология арқылы жұрттың алдына жайып тастайтындай деңгейге жеткізу керек. Туризмге келетін инвесторлар алдымен осыған мән береді. Оларға, мысалы, Бурабайдың көлемі, флорасы, фаунасы, инфрақұрылымы жайлы толыққанды мағлұмат беру керек. Туризмде ресурстық талдау деген бар. Осыны жасап, әрі қарай бизнес жоспар жасауға мүмкіндік тудырылуы тиіс. Тек қана бір тауды көрсетіп, оған қаржы сал, елу пайызы менікі, елу пайызы сенікі дегенге ешбір инвестор келмейді. Шетелдіктер ақымақ емес.

(Соңы 8-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нұрсерік ШӘРІПОВ, *Қарағанды облыстық сотының төрағасы:*

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ – ЖАҢА БАСТАМАЛАР ЖАРШЫСЫ»

– Әлемді алаңдатқан індет сот жұмысына да әсерін тигізбей қалмады. Төтенше жағдай енгізілгелі бері сот процестері онлайн режимінде өтіп, талап-арыздар «Сот кабинеті» сервисі арқылы қабылдануда. Қарағандылық соттарға жаңа жұмыс ырғағына көшу қиындық келтіріп жатқан жоқ па?

– Төтенше жағдай елдің амандығын, азаматтардың денсаулығын сақтау үшін енгізілді. Осындай сындарлы сәтте сот жұмысын жаңа талапқа, карантин режиміне бейімдеу қажеттілігі туындады.

(Соңы 5-бетте)

ТОЙҒА МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК ПЕ?

ОЙТАЛҚЫ

Ерлан ҚҰЛШЫНБАЕВ, асаба:

– Тойға толықтай тыйым салу тым артық болар. Өйткені той мен қазақтың өмір үрдісі, салт-дәстүрі тығыз байланысты. Бірақ, бүгінгі күні қалыптасқан жағдайға орай біз бұл вирустың әзір кетпейтінін, тек сақтық шаралары арқылы ғана айыға алатынымызды, вируспен бірге өмір сүруге үйрену қажеттігін сезініп жатырмыз. Сондықтан толықтай тыйым салса, қарсылық үдей түседі, көзден таса жерге тығылып, тойхананың есігін жауып алып, қонақтарды артқы есіктен тығылып кіргізіп, той өткізетіндер көбейеді. Ал, ондай жерде адам санын да, санитарлық сақтықты да ешкім ескермейді. Қадағалау болмайды. Сондықтан, шектеу қойып, қатаң қадағалаумен тойды өткізуге рұқсат беру керек. Сонда тиісті орындар тарапынан қадағалау болып, қонақтарды санап кіргізіп, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды да бақылауға алуға мүмкіндік туады.

Осы орайда толық тыйым салғаннан гөрі адам санына, уақытына, кейбір жөн-жоралғыларға қатысты шектеу енгізуге болатын секілді. Өйткені адам өмірінен артық ештеңе жоқ.

Елді жайлаған індетке, көп адам жиналуына тыйым салынғанына қарамастан ел ішінде той, садақа жасаушылар тыйылмай тұр. Той бизнесін кәсіп еткендер «тойға рұқсат беруді» сұрап ереуілдетіп жатса, енді біреулер «тойға мораторий жариялау туралы» ұсыныс айтуда. Бұл қаншалықты дұрыс?

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, этнограф:

– Тойға толықтай тыйым салуды қолдаймын. Біріншіден, вирус өрші барады. Қанша жерден тиісті орындар ескерту жасап жатса да, тығылып қызын ұзатып, жасырып ұлын үйлендіретіндер азаймай тұр. Сосын ел ішінде «тойға барып келген соң, ауруы асқынып өмірден озды, садақаға барып келген соң ауырып қалды» деген әңгімелер азаймай тұр. Демек, халық әлі де болса вирустың қаупін сезінбей отыр.

Екіншіден, халықтың тойға қатысты ысырабы шектен шықты. Тікұшақпен жас жұбайлар серуен жасап, 7 қабатты торт кесіп, кортеждермен көшені жауып, бірінен-бірі асып түскісі келетін бәсекелестікке түсіп кетті. Үшіншіден, тойдың форматына қатысты да өзгеріс керек. Тойдағы салт-дәстүрлердің бұрын тәлім-тәрбиелік мәні бар болатын.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

Заң қоғам қажеттілігіне сай жаңарып, толықтырылып отырады. Жақында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған «Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы да заман сұранысына орай дайындалған маңызды құжат. Азаматтық-процесті сапалық жақтан өзгертуді мақсат еткен заңнамада ең алдымен халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға, соттар жұмысын заманауи форматқа бейімдеуге, сот ісін жүргізуде сандық технология жетістіктерін оңтайлы пайдалануға мүмкіндік беретін өзгерістер ескерілген.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Қызылорда облысы Сырдария аудандық сотының судьясы

СУДЬЯЛАР ҚҰЗЫРЕТІН КЕҢЕЙТКЕН ЗАҢНАМА

Жаңа өзгерістер мен толықтырулардың әділдік алаңына жолы түскен азаматтарға сенім мен мүмкіндік беретінін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, бұрынғы заңнамада судьялардың тараптарға жол көрсетуге, сұрақ қою арқылы шындыққа көз жеткізуге, қажетті құжаттар мен дәлелдер сұратуға құқығы жоқ еді. Жаңа Азаматтық-процестік кодекс судьялардың процестегі белсенділігін арттыруға, құзыретін кеңейтуге кепіл болып отыр. Нақты айтар болсақ, кодекстегі 15-баптың 3-бөлігіне сәйкес, сот енді объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың істің мән-жайын толық және объективті зерттеуіне, процестік құқықтарын іске асыруына қажетті жағдай жасайды. Яғни, ендігі жерде сот іске қатысатын адамдарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп қана қоймай, олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылап, тараптармен істің мән-жайын талқылайды, сонымен бірге оларға өз құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Бұдан бөлек, судья тараптар ұсынған дәлел,уәжбен шектеліп қалмай, өз бастамасы бойынша іске қатысты материалдарды жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін, сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды. Судья екі тарап ұсынбаған дәлелдемелерді сұрату арқылы ақиқатқа жетіп, тіпті процесс барысында тараптардың уәждеріне қатысты өз пікірін білдіруге де құқылы болып отыр. Бұл істің ақ-қарасын анықтауға септігін тигізеді. Себебі судьяның процестік жақтан еркін болуы – әділ төрелік кепілі.

Жалпы, азаматтық процестегі судьяның белсенділігі бізге жаңашыл көрінгенімен, өзге елдерге таңсық дүние емес. Бұл дамыған елдердің соттарында бұрыннан қалыптасқан тәжірибе. Айталық, Германияда сот қажеттілікке қарай тараптар іс пен даудың нақты және заңдық аспектілерін талқылап, сұрақтар қоя алады.

Сондай-ақ, күрделі өзгеріске түскен баптың бірі істің басқа сотқа берілуіне байланысты олқылықты реттеуге бағытталған. Мәселен, бұрын істі бір соттан екінші сотқа беру осы ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, ал, шағым берілген жағдайда – шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін жүргізілетін. Өкініштісі, екі тарап келісіп тұрғанның өзінде сот ұйғарымына шағым жасау мерзімі өткенге дейін іс басқа сотқа жолданбайтын. Яғни, заңнамада айқындалғандай тек он жұмыс күні өткеннен кейін ғана шағым жолдауға мүмкіндік бар еді. Мұның соңы істің созбалаңға салынуына, тараптардың уақыт жоғалтуына алып келетін. Жаңа заңнамада осы түйткіл оң шешілген. Осылайша кодекстегі 34-баптың 5-ші бөлігіне сай енді «Екі тарап та сот айқындаған соттылықпен келіскен жағдайда, олардың жазбаша өтінішхаты бойынша істі бір соттан екіншісіне беру ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу жүргізілетіні» нақтыланған. Бұл да азаматтар мүддесіне сай жасалған жаңашылдықтың бірі.

Заңнамада заманауи технологияның жетістіктерін пайдалануға айрықша басымдық беріліп отыр. Ендігі жерде сот отырысына дыбыс-бейне жазу құрылғыларын алып кіріп, тараптар келісім берген жағдайда еркін қолдануға еш кедергі жоқ. Сонымен бірге, куәлердің сот отырысына келуге мүмкіндігі болмаса, электрондық технология игілігін қолданып, байланысқа шығуына да жол ашылды. Сондай-ақ, сот мәжіліс залынан жазылған жазбаға электрондық хаттама мәртебесінің берілуі де оң өзгеріс. Бұл сот хатшыларының жұмысын жеңілдетуге, сот жұмысын қағазбастылықтан арылтуға көмектеседі.

Әсіресе, жаңа құжатта тараптарды татуластыру үшін қосымша мүмкіндіктің берілгенін айта кеткен орынды. Дауласқан азаматтардың бәрі медиацияның тиімділігін, артықшылығын біле бермейді. Олармен жеке сөйлесіп, бітімге келудің пайдалы екеніне көздерін жеткізу үшін бес күн аздық ететін еді. Ал, он жұмыс күні ішінде тараптарды ортақ мәмілеге шақыру жеңіл.

Қазір Азаматтық-процестік кодекстегі өзгерістер халыққа жаппай насихатталып, барынша түсіндіріліп жатыр. Халықтан қолдау таппаған заң – өлі заң. Азаматтар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсінуі үшін, заңның пәрменін сезінуі үшін құжаттың пайдалы екеніне, елдің мүддесін қозғайтынына жұртшылықтың көзін жеткізу маңызды.

БЕЗБЕН

МАЛ АШУЫ – ЖАН АШУЫ

Мал – қазақ халқының күнкөріс көзі, ата кәсібі, дәулетінің өлшемі. Оны бағу мен өсірудің бейнеті баршамызға белгілі. Бірақ, ойды осы жерден заңнамалық негіздемелерге бұрайық. Қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодекске мал ұрлығы, заңсыз аңшылық және балық аулау, сондай-ақ, көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқаруға байланысты және кәмелетке толмағандарға қатысты, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жаза қатаңдатылды. Соның ішінде Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы 6-тараудың 188-бабындағы ұрлық, яғни, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру дегеннен бөлек, 188-1-баптың мал ұрлау деп толықтырылуы жоғарыдағы құқықбұзушылыққа терең мән берілгенін көрсетеді.

Соңғы үш жылда біздің сотта мал ұрлығына қатысты қылмыстық іс қаралған жоқ. Бұған жергілікті полиция бөлімі тарапынан ұйымдастырылған профилактикалық шаралардың түрткі болғаны даусыз. Алайда, «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бел астында» – демекші, әлі де болса, ел ішінде білінбей жүрген жымысқы, пайдакүнем жандар аз емес. Мәселен, Қарғыба ауылының тұрғыны туысының жылқысын сұрап міниіп, Ақсуат ауылына қарасты Қызылқайың учаскесіне өз жылқысын қарауға барған. Малы аман жүргенін көріп, ауылға қайтқан. Қайтып бара жатқанда, Қарғыба өзенінің бойында жайылып жүрген қоңыр қасқа бір байталды көрген. Жымысқы ойға берілген азамат байталды үйінде тұрған тайына қосып асырап, малын көбейтпек болады. Осы мақсатта қараңғылықты күткен ол ешкімнің жоқтығына көз жеткізіп, байталды қорасына әкеп, жем-шөп беріп, қамап, асыраған. Бұл жөнінде ешкімге айтпаған. Арада біраз уақыт өткен соң ұрланған жылқыны полиция қызметкерлері жәбірленушіге қайтарды. Мал иесіне 400 000 теңге материалдық залал келтірілген.

Карантиндік шектеулерге байланысты осы іс мобильді WhatsApp бейне мессенджерін қолдану арқылы электронды түрде, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен қаралды. Жәбірленуші сотталушыға тек бас бостандығынан айыратын жаза тағайындауды сұрап, оны мүлдем кешірмейтінін айтты. Сот сотталушыны 188-1-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танып, мүлкін тәркілеусіз, 2 (екі) жыл 1 (бір) ай мерзімге бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеуге үкім шығарды.

Сот актісі заңды күшіне енген жоқ.

Кабира САДУАҚАСОВА,
Тарбағатай аудандық сотының төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МІНДЕТ

ШЕБЕРЛІК ТӘЖІРИБЕМЕН КЕЛЕДІ

Азаматтар сот жүйесінде тек судьялардың ғана еңбек етпейтінін, құрылым жұмысының артында кеңсе қызметкерлерінің, сот хатшыларының, сот приставтарының көзге көріне бермейтін еңбегі тұратынын біле бермейді. Сот табалдырығын аттаған халықтың үшінші билікке қатысты пікірі сот қызметкерлерінің ілтипатына, адами қарым-қатынасына тікелей байланысты. Өйткені, тараптар ең бірінші судьялармен емес, кеңсе қызметкерлерімен бетпе-бет келіп, солардың қызметіне жүгінеді. Сот мамандарынан көмек сұрап, бағыт-бағдар беруін өтінеді.

Басы дауға қалып, сотқа соңғы үмітін арқалап келген адамдар жылы сөзге, қолдауға зәру. Сөзін соңына дейін ықыласпен тыңдап, құқықтық кеңес беру арқылы олардың қолдаусыз қалмайтынын ұғындыру қиын емес. Алматы қаласының Алатау аудандық сотында азаматтарды сапалы қабылдауға айрықша мән беріледі. Кеңсе меңгерушісі сот қызметкерлерінен мәдениетті, әдепті, білікті қызмет етуді тапсырып, талап етіп отырады. Сонымен бірге, тараптар қоятын қарапайым құқықтық сауалдарға тосылып қалмай, жауап беру керектігі ескертіледі. Осы ретте сот мамандарына құжаттарды рәсімдеу, талап-арыздарға қандай құжаттар тіркеу қажеттігі жөнінде кеңестер беріліп, семинар сабақтар ұйымдастырылып тұрады.

Мұндай семинарлардың сот мамандарына берері мол. Кәсіби шеберлік, білім күнделікті тәжірибемен келеді. Сот қызметінде күнделікті неше түрлі тағдырлар тоғысады. Олардың жүгінетін істерінің мазмұны да, мәселесі де әралуан. Сонысына қарай сұралатын құжаттар да әртүрлі. Азаматтардың мәселесі тек талап арыз жазумен шешілмейді. Өзінің дұрыстығын, сөзінің негізділігін дәлелдеу үшін қолында нақты дәлел, дәйектері болуы керек. Өйткені, сот сөзге емес, қолдағы құжатқа қарап шешім қабылдайды. Міне, осының бәрін тараптарға түсіндіріп, жол көрсету біздің міндетіміз.

Айгерім ҰЛАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Алатау аудандық сотының жетекші маманы

КЕСЕЛ

АЛАЯҚТАР ҚАЛҒЫМАЙДЫ

Алаяқтық – Қылмыстық кодекстің190-бабына сәйкес, бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікті иемдену. Ол үшін қылмыскер алдау-арбау амалдарын қолданады немесе басқаның сеніміне кіріп алып, қастық жасайды. Бұл арада мынаны еске алу керек, алдау және сенімге кіру жолымен басқа да қылмыстар жасалуы мүмкін, бірақ, олар басқа қылмыстық-құқықтық нормалар бойынша қарастырылады. Ал, алаяқтық әрекеттерінің әрбір жағдайында істің мәнісін жан-жақты қарастырып, оны ұқсас қылмыстардан ажырата білу қажет. Қылмыстық жауапқа тарту және айыпты деп тану үшін сол әрекеттерде қылмыс құрамының болған-болмағанын анықтап алу маңызды. Мұның өзі қылмыстық заңда қылмыстық жауапкершілікке тартуға бірден-бір негіз болып табылады.

Алаяқтық жағдайында ақша – қол сұғушылықтың басты белгісі. Көбінесе алаяқтар жалған құжаттар арқылы алдауға бейім. Жалған құжаттарды бере отырып, алаяқ оған бөтен мүлікті алуға құқық беретін тәрізді алдамшы фактілердің немесе жағдайлардың бар екендігін растайды. Алаяқтыққа кінәлі тұлға жәбірленушінің мүлкін иелену, пайдалану және билік ету мақсатын көздейді. Қылмыскер, әрине, бұл мүлікке меншік құқығын иеленбейді.

Мемлекетіміздің қолданылып жүрген қылмыстық заңында меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылыққа тиісті баға берілген, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-тарауында мемлекеттік және жеке меншікке қарсы қастандық қылмыстары үшін жауапкершілік тағайындалған. Олардың ішінде, меншікке қарсы қылмыстық қастандықтың кең таралған түрлерінің бірі ретінде алаяқтық ерекше орын алады.

Соттағы ең көп таралған қылмыстар қатарына жататын меншікке қастандық жасау жекелеген азаматтар үшін ғана емес, жалпы бүкіл қоғам үшін елеулі қауіп тудырады. Объективті түрде олар қоғамның экономикалық саласына зиян келтіреді, мемлекеттің экономикалық дамуын тоқтатады, тұрақтылықты бұзады, азаматтардың өміріне жағымсыз әсер тигізеді.

Алаяқтықтың қылмыс екенін жұрттың бәрі біледі, бірақ, бұл қылмыспен күрестің көкейкестілігін әркім түсіне бермейді. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі жағдайында бұл қылмысты тереңірек зерттеу қажет. Ең маңыздысы, алаяқтықты басқа ұқсас қылмыстардан бөліп алып, дұрыс бағалау жөнінде әркім өз пікірін айтуы қажет деп есептейміз.

Ақмарал ИСАЕВА,
Есіл аудандық сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Он қадам

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛДЕРДІҢ КӨШІНЕ ІЛЕСУ – ПАРЫЗ

Әлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі жылдық есебі үздіксіз жарияланып келеді. Осы рейтингте Қазақстан жыл сайын өзінің бәсекелестікке қабілеттілік бойынша позициясын жақсартып, мықтылығын мойындатып отыр. Әр жылғы көрсеткіштің жоғарылауы елдегі бірліктің, ынтымақтың, бір мақсатқа ұйысуының нәтижесі.

Әрине, күн сайын дамып, ілгерілеп, Мәңгілік ел болудың стратегиялық жоспарын құрып отырған біздің еліміз үшін қол жеткен межемен шектеліп қалу жөн емес. Себебі, Қазақстанға жаһанның дамыған елдерінің сапына қосылып, отыздықтың ішіне ену міндеті жүктеліп отыр.

Әлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі индексті қалыптастыру әдісі қатаң. 119 критерий бойынша анықталатын бұл көрсеткіште елдегі шынайы жағдай, азаматтардың, кәсіпкерлердің пікірі басты назарда ұсталады. Соның ішінде 34 көрсеткіш бойынша нәтиже статистикалық сауалнамадағы пікірлерді ескере отырып анықталса, қалғаны елдегі ірі және орта кәсіпорын басшыларының пікірі негізінде жинақталады. Міне, осы пікірлерді саралап, таразылай келе, әлемдік экономикалық форум соңғы рейтингті қалыптастырады. Сауалнамаға қатысушылар әр елдің жұмысын 7 балдық жүйе бойынша бағалайтынын да еске сала кеткеніміз жөн болар.

Ал, сауалнамаға қатысып, өз пікірін білдірушілерге «Елдегі жеке бизнес жүргізушілерге қатысты заңнамалар қаншалықты пәрменді?», «Меншік құқығының қорғалуына көңілің тола ма?», «Жеке бизнес өкілдерінің түйткілді сұрақтарын шешуіне заң мүмкіндік бере ме?» деген секілді сұрақтарға жауап ізделеді.

Өз позициясын жылдан жылға көтеріп келе жатқан Қазақстан алдағы жылы да межеден табыларына сенеміз.

Ғалым БОЛАТҰЛЫ,
Алматы қаласы Әділет департаментінің сот орындаушысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОРОНАВИРУС ЫРЫҚҚА КӨНБЕЙ БАРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәлидің айтуынша, www.coronavirus2020.kz сайтына қырық мыңға жуық сұрақ жолданған.

– Қазіргі таңда оның үштен біріне ғана жауап берілді. Мұндай қарым-қатынастың нәтижесінде теріс әрі жалған ақпараттар өршіп тұр. Бұл біздің жұмысымызды одан сайын қиындатуда. Ақпараттық жұмыстарға қатысты тәсілді түбегейлі өзгерту керек.

Телеарналардан, тікелей эфир арқылы дәрігерлерден кеңес алып, сұрақтарына жауап алатын күнделікті бағдарламаларды ұйымдастыруға не кедергі? Азаматтарға емдеудің протоколын, алгоритмін жеткізу керек. Дәрі-дәрмектер, оны пайдалану жөнінде түсініктеме беру қажет, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар ел Президенті кеңесте өздеріне жүктелген міндеттерді шала орындаған бірқатар шенеуніктің жұмысын сынға алды. Осыған байланысты Мемлекет басшысы жұмысына салғырт қарағаны үшін Шымкент қаласының әкімі М.Әйтеновке, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалинге, Павлодар облысының әкімі Ә.Сқақовқа және Ведомствоаралық комиссияның төрағасы Е.Тоғжановқа сөгіс жариялады.

Ал, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгіновке, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевқа, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А.Жұмағалиевке ескерту жасады. Атырау, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне өңірлердегі ахуалды реттеу қажеттігін ескертті. Аталған мәселе барлық облыстың басшыларына да қатысты екенін айтты.

Еске сала кетсек, 2020 жылдың 29 маусымындағы ресми мәлімет бойынша, республикада коронавирус індетін жұқтырған 21 327 оқиға тіркелген. Оның ішінде 13 008 науқас дертінен жазылып шықса, 183 адам көз жұмған, 8,2 мың сырқаттың жағдайы ауыр. Ал, клиникалық белгісі анықталмағандар саны 16 639 адамды құрады. Апта ішінде ауру белгісі анықталмаған сырқаттардың саны екі есеге жақын – 9809 адамнан 15 573 адамға дейін өскен. Алайда, бірқатар қалаларда зертханалар жабылып қалып, тест тапсыруға қатысты қиындықтар туындағанын ескерсек, бұл көрсеткіштер нақты болмауы ықтимал. Қазақстанда ауру белгісі жоқ COVID-19 індетін ақылы түрде анықтау мүмкін емес. Сондықтан, клиникалық белгісі жоқ науқастар тек бұрын ауырғандармен байланыста болғандардың арасынан ғана анықталып отыр.

Соңғы үш күнде коронавирусты таратудың алдын алу жөніндегі Ведомствоаралық комиссия 38 адамның қайтыс болғанын хабарласа, бүгін тағы бес адамның өмірмен қоштасқаны белгілі болды.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ МИНИСТРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Ұстаз өлімінің ақиқаты ашылсын!

АШЫҚ ХАТ

29 маусымда Нұр-Сұлтан қаласының «№ 1 қалалық аурухана» ШЖҚ МКК-де ҚР мәдениет қайраткері, филология ғылымының кандидаты, әдебиеттану доценті, белгілі журналист Қуандық Шамахайұлы қайтыс болды. Марқұм өзіне қастандық жасалуы мүмкін екенін ескертіп, қаралы хабар тарағанға дейін 6 сағат бұрын әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазба қалдырған.

«Астанадағы Бірінші клиникадағы КВИ 1-палатада емделіп жатырмын (хат өзгерісіз беріліп отыр). Кешеден бері дәрігерлер ковид тексеріс жасаймыз деп жүрген. Шырт ұйқыда жатыр едім сағат 02.00-де дәрігер мен медик жігіт келіп қағазға қол қойдырды да кетті. Сәлден кейін мед жігіт келіп аузыма бір ақ дәрі салды да су ішкізді. Менен басқасына бермеген. Не зат десем вирустан сақтайды дейді. Қастандық шығар деп күмәндімін. 3 литр су іштім. Неге маған арнаған? Әрекеттері күмәнді. Ештеңе түсіндірмейді», – деп жазды ол Facebook парақшасында.

Ел ішін коронавирус пандемиясы жайлап, бойымызды үрей билеген тұста қоғамға белгілі тұлғаның жұмбақ жағдайда көз жұмуы, онсыз да билікке сенімі азайған халықтың көңіліндегі күдігін күшейтіп, дәрігерлердің беделіне нұқсан келтіретіні анық. Осы орайда, құзырлы органдардан Қуандық Шамахайұлының өліміне қатысты тексерісті ашық әрі жариялы түрде жүргізуді талап етеміз. Науқас қабылдаған препараттың атауы мен оның қандай емге қолданылатыны барлығы ашық айтылуы тиіс. Тергеу қорытындысы бойынша БАҚ алдында ресми мәлімдеме жасалуы керек!

Қуандық Шамахайұлы – Қазақстан аумағында жүздеген шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз. Жас журналистердің азаматтық көзқарасының қалыптасуына, кәсібіне адал болуына бір кісідей ықпал еткен білімді тұлға. Ол кісінің шәкірттері бүгінде елдегі белді БАҚ-тарда ел мүддесі үшін еңбек етіп жүр. Марқұм ғалым ретінде артына құнды ғылыми еңбектер мен кітаптар жазып қалдырды. Мемлекетіміздің дамуы үшін, қоғамдағы қилы мәселелерді өткір көтерген арда азаматқа қастандық жасау, бүкіл қазақ қоғамына қол көтерумен тең.

Қуандық Шамахайұлының шәкірттері:
Айгерім Аханова,
Алмат Атамбаева,
Ақбота Аманжолқызы,
Сағыныш Әбілова,
Ақмарал Баязитова,
Ерболат Үрімхан,
Жомарт Рахымжан,
Жазира Есенхан...
Барлығы 16 адам қол қойған.

«Заң газеті» де Қуандық Шамахайдың өліміне қатысты істі бақылауында ұстайды.

КӨКЕЙКЕСТІ

ТОЙ-САДАҚА ӨТКІЗУ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

ТОЙ-ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ. АЛАЙДА СОҢҒЫ КЕЗДЕ ҚУАНЫШТЫ СӘТТЕРДІҢ ТІРНЕКТЕП ЖИҒАН ДҮНИЕНІ ТӨГІП-ШАШАТЫН ДАҢҒАЗАҒА АЙНАЛҒАНЫ ДА ЖАСЫРЫН ЕМЕС. АҚТӨБЕЛІК ФИЛОЛОГ ОРАЛБЕК ӨТЕҒҰЛОВ «КАРАНТИН РЕЖИМІН ПАЙДАЛАНЫП, ТОЙДЫ РЕТТЕЙТІН АРНАЙЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК» ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ. ОНЫҢ ПІКІРІНШЕ, АЛДАҒЫ 5 ЖЫЛДА ТОЙ ӨТКІЗУГЕ МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК. ОҒАН КЕТКЕН ҚАРЖЫНЫ БАСҚА МАҚСАТҚА ЖҰМСАҒАН ЖӨН. АЛАЙДА, ТОЙ БИЗНЕСІНЕН НӘПАҚАСЫН АЙЫРЫП ЖҮРГЕНДЕР БҰҒАН ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ҚАРСЫ. ТОЙ ӨТКІЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ – «ЖИҒАН-ТЕРГЕНІҢ ТОЙДА ШАШЫЛСЫН» ДЕЙТІН ҚАЗАҚҚА МҮЛДЕМ ЖАТ НӘРСЕ ДЕГЕН ОЙДА.

Ақтөбе қаласының тумасы Оралбек Өтеғұлов қазір Нұр-Сұлтандағы жоғары оқу орындарының бірінде сабақ береді. Алайда, қарапайым оқытушының есімі әлеуметтік желіде «тойға 5 жылға мораторий жариялау керек» деген ұсынысынан кейін кең тарала бастады. Оның бұл сөзін қос қолын көтере келіскендер де, арзан «хайпқа» балағандар да болды. Алайда Оралбек Өтеғұловтың өзі бұл пікірін халықтың күнделікті өмірін көріп, ұзақ толғаныстан туған ой екенін айтады.

– Қазақ қоғамында қордаланған мәселе көп. Қытайдан басталған коронавирус пандемиясы тек біздің еліміз үшін ғана емес, бүкіл әлем елдері үшін де жығылғанға жұдырық болды. Алда не күтіп тұрғанын ешбір сарапшы дөп басып айта алмайды. Жаз шығып күн ысыса да, коронавирус жұқтырғандардың саны азаймай тұр. Осындай қиын жағдайда бірнеше қалада тұратын тойханалардың иелері, әртістер мен асабалар тойханаларды ашып, той жасауға рұқсат беруді талап етіп жатыр. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Айтуларынша, бір айда 10-15 миллиондық ақша айналымын жасайды екен. Енді сол табыстарынан қағылып отырғандарын тілге тиек етеді. Ал, енді сол көлемдегі ақшалары қалай және қайдан келеді деген сұраққа ойланып көрейікші? Әртістер мен той бизнесінде жүргендердің қоржынындағы қаржы – сіз бен біздің қалтамыздан шыққан, жылдар бойы тапқан маңдай тер еңбегіміз. Мен осы саланы біраз уақыттан бері зерттеп келемін. Сондықтан да, осы уақытқа дейін түйгендеріммен бөлісуді жөн санадым. Қазақстанның қай қаласына бара қалсаңыз да, құжынаған тойханаға кезігесіз. Сол тойханаларда жұмыс істейтін қазақтың өрімдей жас қыз-жігіттері. Оларды кем дегенде 5-10 сағат жұмыс істетіп, 1500-2000 теңгенің көлемімен қатырады, – дейді ол.

– Бұл қорытындыға жайдан-жай келіп отырған жоқпын. Той саласында жұмыс істейтін көп студентім бар. Студенттердің басым көпшілігі жұмысқа түскі уақытта кеткеннен түнгі екі жарым-үштердің шамасында келеді. Жатақханалар жабық болады. Терезеден кіргізіп алған жағдайлар өте көп болатын.

Білім сапасы демекші, қоғамдағы көптеген проблемалар осы жерден шығады. Қоғамда біліксіз дәрігерлер, біліксіз мұғалімдер, біліксіз мамандар көбейіп, ЖОО айтылатын сын да көбейе түсті. Бәріңіз білетіндей, білім беру – бұл екі жақты процесс. Білім алушының өзінің ниеті, қызығушылығы, ынтасы болмаса, қанша жерден үздік мұғалім немесе оқытушы болса да, ештеңе шықпайды. Жасаған еңбегі құмға сіңген сумен тең. Ал, енді түнімен тойда жұмыс істеп, ұйқысы қанбай жүрген студенттер мен оқушылардан қандай сапалы білім талап ете аламыз? Бұл бүгін ғана пайда болған проблема емес. Жылдар бойы қайталанып келеді. Бүгінгі күндегі біліксіз мамандар – бір кездердегі тойға шығып сабақтан көп қалған, еңбектері қаналған студенттер мен оқушылар, – дейді Оралбек Өтеғұлов.

Біздің кейіпкер «тойсыз-ақ неке қиып, бақытты болуға болады» деп есептейді. Оның пайымдауынша, ұлан-асыр той жасаудың орнына екі жасқа пәтер алып немесе бір кәсіп ашып беруге болады. Тіпті болмаса, шет елдерге саяхатқа жіберсін. Өмірдің қызығы тек тоймен шектелмейді.

Алайда бұл туралы той саласында жүргендердің пікірі мүлдем бөлек. Асаба әрі шоумен Саламат Жылқыбаев қазақты қуанышынан айырмау керек деген пікірде:

– Той бизнесінде жүрген маман ретінде менің де айтарым бар. «Той – қазақтың қазынасы» дейді. Қазақ ешқашан дүние қумаған. Біз жиған-тергеніміздің барлығын тойға шашамыз, сол жерде көрсетеміз. Әр-бір адам баласының үйлену тойын жасағысы, келін түсіргісі келеді. Мұндай күнді неге дүркіретіп тойламау керек?! Алайда кей пікірлермен келісуге болады. Кей кезде тойда көп шығындалып, шашылатынымыз да рас. Бір-бірінен қалмау үшін несие алатындар да бар. Қымбат мейрамханада той жасаудың орнына киіз үйді жалға алып, әдемі безендіруге де болады. Әр адам жағдайына байланысты той жасау керек. Алайда «той өткізуге 5 жылға мораторий жариялау керек» деген пікірмен келіспеймін. Бұл салада көп адам жұмыс істейді. Әр адамның қабілеті де әртүрлі. Табыс көзі де басқа. Біреу аспаз, оның қолынан дәмді тағамдар әзірлеу ғана келеді. Оның кәсібі сол. Ертеңгі күні той болмаса, ол құрылыста жүріп, үй сала алмайды. Өйткені, оның қолынан келмейді. Мен қара жұмыс істей алмаймын. Бәлкім, халықтың көңілін көтеруге жаралған жан шығармын. Халық қалтасы көтерсе, мейрамханада жасасын. Әр өңірдің той тойлауда өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, батыста 14 млн теңгеге той жасайды. Әрине, қалтасы көтергендіктен болар. Сондықтан, тойдағы мейрамхананың, асабаның қызметінің бағасы да әр өңірге сай болуы керек. Салт-дәстүріміз бар. Тойлай алатын қабілетіміз бар. Сондықтан, той тоқтамау керек, – дейді ол.

Ал, тойға қажетті қолөнер бұйымдарын жасап, нәпақасын айырып жүрген Айсұлу Нұрланова соңғы кезде карантинге байланысты тапсырыстың төмендеп кеткенін айтады. Ол «қазақты тойсыз елестету мүмкін емес» дейді.

– Мен тойға қажетті қолөнер бұйымдарын, «тойбастар» секілді естелік сыйлықтарды жасаумен айналысамын. Қазіргі карантин уақытында адамдардың көпшілігі өздерінің мерекелік шараларын қашан тойлайтындарын білмей дал болып жүр. 400 адамдық тойлардың көпшілігінде қонақтардың саны азайып, 40-60 адамға жетті. Халық өздерінің бақытты сәтін барынша қарапайым өткізуге тырысуда. Тиісінше, табыс көзі де азайды. Бірақ, алдағы уақытта аста-төк той өткізуге тыйым салынса да, халық кез келген жағдайдың шешімін табады деген ойдамын, – дейді ол.

Не десек те, Ақтөбеде шектеу шараларының күшейгеніне қарамастан, той, садақа өткізу тоқтамай тұр. Халық қауіп-қатердің бар екенін ескерместен, қонақ шақыруын жалғастыруда. Бұл мәселе облыс әкімдігінде өңірдегі эпидемиологиялық ахуал жөнінде өткізілген жиын кезінде де айтылды. Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржауған Қалауовтың сөзінше, өңірде індетке шалдыққандардың саны артып жатыр. Оған шектеу шараларының жеңілдеуі, белсенді скринингтердің өткізілуі және санитарлық талаптардың сақталмауы себеп. Ал, облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Нұрсұлу Беркімбаева ешқандай тыйымдарға қарамастан, дәстүрлі шаралардың өтіп жатқандығын айтты. Облыс әкімі Оңдасын Оразалин қауіпсіздік шараларының маңызды екенін, алайда тұрғындарды тым қыспаққа алудың кері әсері барын жасырмады. Оның ойынша, уақытты шектеген сайын халық одан да көп жинала береді. Азаматтардың көп шоғырлануын болдырмас үшін, керісінше, олардың жүріп тұруына мүмкіндік беру керек. Сондықтан, той-жиын өткізудің тәртібі облыстық полиция департаментімен бірлесе отырып шешіледі.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ТОЙҒА МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК ПЕ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ерлан ҚҰЛШЫНБАЕВ, асаба:

– Қазіргідей індет күшейіп тұрған кезеңде аурудың тым жұқпалы әрі қауіпті екенін ескере отырып, кейбір шектеулер арқылы ғана тойды өткізуге рұқсат беру керек. Бізге дейін де ондай шектеулерді Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан секілді елдер енгізген болатын. Тойға шектеу енгізу тәжірибесі жүзеге асатын нәрсе екенін көріп отырмыз. Демек, бізде де тойға шектеу енгізілсе, жүзеге асыруға болады.

Жалпы, тойға тыйым салу туралы бастаманың көтеріліп келе жатқанына бірнеше жыл болды. Ел ішінде жүрген соң байқаймыз ғой, кейбіреулер тойға бар жинағанын шашса, енді біреулердің несие алып, шашылып-төгіліп жатқанын байқаймыз. Мұндай тыраштанудың соңы жас жұбайлардың мойнына бірнеше жылдық несиенің ілінуімен бітеді. Ал, үйлене сала, несиенің қамыты мойнына ілінген жастар төлей алмай ажырасып кетіп жатады. Тойға қатысты ысырап кейде осылай жастардың да бақытын ұрлап жатқанын байқаймыз. Сондықтан бұл шектеу бәрібір керек екенін сезініп отырмыз.

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, этнограф:

– Қазір тойда жасалатын жөн-жоралғылар Еуропадан алынған әдет-ғұрыптармен, орыстардан алынған ырымдармен араласып қойыртпақтанып кетті. Мәселен, қазір қалыңдық киетін көйлектің өзі ұстанымымызға сай келмейді. Айталық, денесінің жартысы ашық келінге беташар жасаудың қажеті қанша?! Қыз ұзатуда қыздың әкесімен қоштасу вальсін билеуін де түсінбеймін. Қай қазақ қызын вальс билеп жүріп күйеуге берген? Мұндай салт ешбір ата-бабамызда болған емес. Жиналған халыққа теріс қарап, гүл лақтырғаны аздай, тойхананың төрінде отырып алып, атасы мен енесін төменіректе жайғастырып, жас жұбайлардың сүйісетініне не дейміз? Қайбір жылдары біреулер келін мен баланы тойхананың төменгі жағына отырғызып, торт орнына келінге шәй құйғызып, әдемі жоралғылар жасады. Сол секілді қазақ тойына тыйым ғана емес, өзгеріс те керек дер едім.

Әлемдік пандемия көп нәрсеге басқаша қарауға мәжбүрлеп жатыр. Мен мұны тойдан бас тартуға тамаша мүмкіндік дер едім. Осы карантин режимін пайдаланып, тойды реттейтін арнайы заң қабылдап алуымыз керек. Онда үйлену және ұзатылу тойларын 50 адаммен шектеп, басқа тойларға тыйым салу керек. Сондықтан, бұл мәселенің мемлекеттік деңгейде көтеріліп, шешілуін қолдар едім.

Сауалнаманы дайындаған Қалдыбай ДҮЙСЕМБАЕВ

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА –25 ЖЫЛ

«ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТОҒЫЗ ҚАБАТ, ТОР КӨЗДІ САУЫТЫ»

ЕЛІМІЗДІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – БҰЛ ЗАҢ ҚАРПІНДЕ ӨРНЕКТЕЛГЕН ЖАЛПЫ-ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ. ЯҒНИ, ӨМІРІМІЗДІҢ, ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМІЗДІҢ, ЕЛ-ЖҰРТ БОЛЫП БІРІГІП МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ. ЕЛІМІЗДІҢ АТА ЗАҢЫ ЖҮЗДЕГЕН ЖЫЛДАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ӨЗ БОЙЫНА СІҢІРДІ. ҚАЗАҚСТАНДА АТА ЗАҢ ТҰҢҒЫШ РЕТ 1924 ЖЫЛЫ ОДАН КЕЙІН, 1937, 1978, 1993, 1995 ЖЫЛДАРЫ ЖАЗБАША ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАНДЫ. АЛ, ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫЛЫП ЖҮРГЕН КОНСТИТУЦИЯ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ АРҚЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН. ОҒАН ДЕЙІН, ЯҒНИ, ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІН 1993 ЖЫЛЫ 28 ҚАҢТАРДА ӨЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ АТА ЗАҢЫН ҚАБЫЛДАҒАН БОЛАТЫН.

Серікжан ГАБДУЛИН,
Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – Ата Заңы. Осыдан 25 жыл бұрын бүкіл халықтық референдумда кең байтақ Қазақстанның көп ұлтты халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елдермен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екендігін танытты. Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының Ата Заңы өмірге келді.

Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Конституциямыздың алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Бұл мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі.

Конституция қабылданғаннан бергі уақыттағы тарихи өлшемдер біз үшін бүкіл өткен жолымызды таразылап, ой елегінен өткізуге толық мүмкіндік беретін белгілі бір үлкен кезең болып табылады. Ол Парламенттің рөлін көтеруді, оның үкіметке ықпал жасау және бақылау жасау тетіктерін жетілдіруді қамтамасыз етті. Елімізде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дамуына ойдағыдай жағдай туғызды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қазіргі кезеңде қазақ елінің бірден бір мызғымас бірлігінің символы және оның заңдық тұрғыдан алғандағы құқықтық қамтамасыз етуші құжаты.

Еліміздің заңдарын өмірге келтіруде зор еңбек сіңірген көрнекті заңгер Сұлтан Сартаев: «Тәуелсіздік алған елге бірлік керек. Заманымыздың қиыншылығына қарай ақылдан бұрын ашу жүрмесін. Ашу кернеп, жалаң тілді алға салмайық. Әр істеген ісімізде ой қорытындысы, парасаттылық болсын. Әлеуметтік, саяси, экономикалық бостандықты орнықтыру, жаңалыққа жол ашу үшін күпірлі сөзден аулақ болып, дүбірлі ортақ істің бабын баптап, халқымыздың қажыр-қайратын жасампаздық арнасына бағыттап, ел алдындағы парызымызды орындайық, қарызымызды қайтарайық», – деген болатын.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық ұлттық құндылықтар мен азаматтық қадір-қасиеттің негізіне айналды. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа Қазақстан мемлекетін орнату кезеңінде жиырма бес жылдық тарихымыздағы ұлы оқиғалардың қайнаған өзегінде жүріп, салиқалы да сындарлы шешімдер қабылдап, халқын кемелдікке жеткізуге ұмтылған қазіргі заманның ең көрнекті реформаторлары қатарына енді. Қысқа мерзім ішінде жаңа мемлекеттің туын тігіп, тұғырын биіктетті.

Шерхан Мұртаза ағамыз айтқандай: «Заң дегеніміз – ноқта», «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты». Олай болса, біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни, мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ.

ПІКІР

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

25 ЖЫЛ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ САЯСИ, МӘДЕНИ, РУХАНИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА АУҚЫМДЫ ҮЛЕС ҚОСЫП, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАП, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТТІ. ЕЛІМІЗДІҢ АТА ЗАҢЫ ЕҢ ЖАС КОНСТИТУЦИЯЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА БОЛҒАНЫМЕН, ОЛ ӘЛЕМДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕЙТІН ЕҢ ҮЗДІК 50 КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БІРІ.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы жылдарында 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстанның Жоғары Кеңесінің 9-сессиясында қабылданған Конституция мемлекетімізде қабылданған саяси құқықтық сипаттағы ең алғашқы ресми заң болды. Қабылданған Конституция еліміздің негізгі заңы ретінде мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайтып, экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі дағдарыстан шығару, жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастырып, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуі қажет болған. Бірақ, тәуелсіз елдің қалыптасуындағы жоғарыда көрсетілген барлық талаптар ең алғашқы қабылданған Конституциямызда қамтылмағандықтан, жаңа ата заң қабылдау қажеттігі туындаған. Яғни, алғашқы қабылданған Конституция еліміздегі саяси, әлеуметтік, экономикалық үрдістен алшақ қалып, заманның талабына сай келмеді. Сондықтан да, 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум өткізу арқылы қазіргі уақытта қолданыстағы негізгі Ата Заңымыз қабылданды. Қабылданған заңымыз еліміздің өркендеу жолында өз үлесін қосып, аз уақыт ішінде демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет орнатып қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық даму жолында да басқа елдер арасында көш бастауға мүмкіндік туғызды. Қарқынды дамып жатқан заман талабына қарай 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары негізгі Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Конституциямыз мемлекеттің бір бастауы халық деп белгілеп, адамның табиғи құқықтарын мойындап, оларды қорғау қажеттілігін қамтыған. Сонымен қатар, Ата Заңымызда Президенттің, заң шығарушы органның, атқарушы органның, Конституциялық кеңестің өкілеттіктері мен сот төрелігін жүзеге асыратын органның өкілеттіктері нақты көрсетілген. Елімізде қабылданған барлық заң нормалары негізгі Ата Заңымыздан бастау алған.

Тәуелсіздіктің тірегіне айналған негізгі заңымызды қатаң ұстанып, оған құрметпен қарап, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау әрбір азаматтың міндеті мен парызына айналса, еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың негізгі тетігін ұстап тұрған Ата Заңымыздың тұғыры биік болары анық.

Г.ӘЛІМҚҰЛОВА,
Талас аудандық сотының төрағасы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТЕҢДІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ – ЕЛДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ТИІМДІ ӘРІ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ.

АНАНЫ ҚОРҒАУ – АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Н.АМАНКУЛОВА,
Ақтөбе қаласы
№ 3 сотының төрағасы

Қазақстанда гендерлік саясат саласында негізгі заңдық акт ретінде Қазақстан Республикасының 2009 жылы қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңы саналады. Сонымен қатар, 2006 жылға дейін гендерлік саясат концепциясы және 2006–2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы қабылданып, жүзеге асырылған болатын. Олар гендерлік теңдік мүддесінде ұлттық заңнаманы құру және жетілдіру бойынша одан әрі қадамдар жасауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта 2016 жылы бекітілген 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы іске асырылуда.

Қазақстанның қазіргі заманғы гендерлік саясаты қоғамды әлеуметтік жаңғыртуға бағытталған, өйткені, тең мүмкіндіктер жасау әйелдерге елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуде маңызды құрамдас бөлік болып табылады.

Стратегияны іске асыру кезеңінде Қазақстан айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Ең алдымен, бұл әйелдер әлеуетін мақсатты дамытуға, еңбек қызметінде, бизнесте, саясатта, мемлекеттік басқаруда ерлер мен әйелдер үшін тең жағдайлар жасауға, әйелдердің сапалы білім алуы мен денсаулық сақтауына тең қол жеткізуін қалыптастыруға, сондай-ақ, ананы жан-жақты қорғауға қатысты.

Ғасырлар бойы неке және отбасы институты, сондай-ақ, отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары басым саналып келді.

Қазақстанда гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде, пікірталас алаңдары құрылуда, отбасылық тәрбие мәселелері және т.б. тақырыптар бойынша семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізілуде. Әйелдер мен ерлер өздерінің жеке, адами әлеуетін жүзеге асыра отырып, әлеуметтік дамудың барлық процестеріне, еңбек нарығында және т.б. тең дәрежеде қатысады. Қоғамдық сана өмір мен қызметтің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің әлеуметтік теңдігі жағына қарай өзгере бастады.

Гендерлік теңдік саясатын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасаудағы белсенді және жауапты рөл мемлекетке берілген. Сондықтан, мемлекет халықтың барлық жіктерінің әл-ауқатының жоғары деңгейін білдіретін гендерлік және отбасы саясатының негізгі қағидаттары мен қадамдары әзірленген. Халықты қолайлы және қауіпсіз өмір сүру үшін қажетті тауарлармен, қызметтер мен өмір сүру жағдайлары қамтамасыз ететін қоғамның экономикалық өмірінің нәтижесі халықтың тұрмыс деңгейінен көрінеді.

«Қазақстан–2050» стратегиясына сәйкес, әйел отбасының тірегі деп танылды, яғни, мемлекеттің де тірегі. Шет елдердің дамуын талдау әлемде отбасылық және гендерлік саясат саласындағы бірыңғай әмбебап модель жоқ екенін көрсетеді. Әрбір ел мемлекеттік басқарудың қалыптасқан жүйесін, ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті ескере отырып, гендерлік теңдіктің өз моделін құруға ұмтылуда.

КИЕ

МЕШЕУ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ЖАУЫ

Мемлекеттік тіл мәселесі айта-айта жауыр болған тақырып деп ойлаймын. «Заң газетінің» 2020 жылғы 16 маусымдағы №44 (3268) санында Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әміровтің «Тіл тәуелсіз болмай, шын тәуелсіз болмаймыз» деген мақаласын оқып, сол жауыр болған тақырыпқа мен де жауыр пікірімді қосқым келді. «Бізде мәртебесі Ата Заңмен белгіленсе де, өз үйінде өгей ұлдың күйін кешіп жүрген қазақ тілінің мәртебесі неге кемшін?» деген сұрақ туады. Автордың пікіріне қосарым, біріншісі: мемлекеттік мекемелерде қызмет атқарып жүрген көбіміздегі ұлттық сананың мешеулігінен. Бұл үшін айып етпеңіздер және кейбіреулеріңіздің көңілдеріңізге келмесін! «Айтпаса, сөздің атасы өледі» демей ме? Бұл көбіне төменгі жергілікті жерлерде емес, облыстық деңгейдегі басшыларға тікелей қатысты. Еліміздің шығыс өңірінде кезінде өзге ұлт өкілдерінің басым болғаны баршаға мәлім. Сол себепті мемлекеттік мекемелерде де, басшылықта да «аға ұлт» өкілдері болды. Жарайды, мемлекеттік тілді қолданудың мүмкіндігі тар болды делік.

Ал қазір ше? Айтудың өзі ұят! Сөзінің басын «Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер, құрметті жиынға қатысушылар» деп бастап, талқыланатын мәселенің тақырыбын мемлекеттік тілде қағазға қарап оқып бергеннен кейін, аудитория түгел қазақ болса да, орыс тілінде жүргіземіз. Бұл бәріміздің үйреншікті, күнде көзбен көріп, құлақпен естіп жүрген жай. Себебі бәріміздің соған етіміз өліп, санамызға сіңісті болып кеткен. «Жиын неге мемлекеттік тілде өтпейді?» – деген сұрақты қоюға біріміз басшыдан, біріміз қосшыдан қорқамыз.

Шығыс Қазақстан облыстық сотында Бағлан Мақұлбеков, Досжан Әміров басшылық еткен жылдары сең қозғалып, мемлекеттік тілге деген құрметтің артқаны сот органдарындағы құжаттардың мемлекеттік тілде рәсімделуінің қарқын алып, мемлекеттік тілде құжат дайындаудың сапасы біршама қалыптасқан тұс болғанын көбіміз білеміз. Яғни, осылар секілді ұлтжанды, мемлекеттік тілге жанашыр азаматтар көбеймейінше, мемлекеттік тілдің көсегесі көгермейді деп ойлаймын.

Екіншісі: мемлекеттік тілде сапалы құжат дайындаған орындаушыларды кәсіби тұрғыда бағалап, еңбегіне лайықты ведомстволық көтермелеудің тетіктерін енгізу қажет деп санаймын. Бұлай айтуымның себебі – сот жүйесінде 20-25 жыл қызмет атқарған, мемлекеттік тілде жазған мақалалары жергілікті газеттер мен республикалық БАҚ-тарда жарияланып жүрген, өз істерінің майталмандары, шалғай аудандарда мемлекеттік қызмет атқаратын бірінші сатыдағы сот мамандары мінсіз қызметі үшін берілетін ведомстволық марапаттардан шет қалатыны жасырын емес.

Тіл ұшына А.Байтұрсыновтың: «Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлану керек. Жұрттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп айтқаны оралады. Бұл қоғамдық ойдағы ағым ретінде Асанқайғы, Бұқар жырау, зар заман ақындарының мұралары, Махамбет, Абай шығармаларындағы отаншылдық рухтың жалғасы немесе табиғи заңдылық. Отаншылдық, ұлтшылдық деген ұғымдар ұлттың қалыптасу, өсіп-өзгеру үрдісімен қатар бірге жүреді. Бауырымыз Р.Заитовтың: «Бетіңе айтсам мініңді, Жазғыра көрме ұлыңды. Дүние үшін қорқаудай Талайсың бірің біріңді. Дирхамға сатып діліңді, Долларға сатып білімді, Рубльге сатып рухыңды, Тиынға саттың тіліңді. Айтып айтпай не керек, Ниетің солай бүлінді. Ей, Көкбөрінің ұрпағы, Кімнен үйрендің ұруді?» – деп жырлауының өзі осы отаншылдық ұлтшылдық рухтың жемісі десек, қателеспейміз.

Мемлекеттік тіл – ұлт рухының күретамыры екенін ұмытпайық, ағайын!

Ұзақбек АТАНБАЕВ,
Тарбағатай аудандық сотының аға сот приставы,
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

№48 (3272)
30 маусым 2020
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Нұрсерік ШӘРІПОВ, *Қарағанды облыстық сотының төрағасы:*

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ – ЖАҢА БАСТАМАЛАР ЖАРШЫСЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот процестерін өз уақытында, өз деңгейінде, бұрынғы сападан бір мысқал кем түспейтіндей қарау үшін не істеу керек? Біріншіден, істерді онлайн қарауды тыңғылықты ұйымдастыру қажет болды. Екіншіден, процестердің онлайн қаралатынынан халықты құлағдар ету күн тәртібінде тұрды. Үшіншіден, тараптарға онлайн процестерге қатысудың тәртібін, тиімділігін түсіндіру маңызды болды. Осы үш сатыдан тұратын міндеттерді Жоғарғы Сот үлкен жауапкершілікпен атқарды. Соның нәтижесінде істерді қарауда ешқандай кедергі, қиындық орын алған жоқ.

Мұндай жұмыстың іркіліссіз жүзеге асуы ұжымның бірлігіне, біліктілігіне, белсенділігіне де тәуелді. Шын мәнінде Фемида қызметкерлері сындарлы сәтте «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара білді. Түсіндіру жұмыстары тыңғылықты жүргізілгендіктен, азаматтарда басы артық сұрақ, күмән болмады. Оның үстіне, талапарыздардың «Сот кабинеті» сервисі арқылы қабылданып, сот отырыстарының толықтай дыбыс-бейне құрылғыларына жазылатынына, шалғайдағы куәларды сот залына шақырмай-ақ, қашықтан жауап алуға болатынына халықтың көзі әбден үйренген.

Егер де байланыстың сапасы жақсы болса, сізді бәрі естіп отырса, сіз сотты естіп, көріп отырсаңыз, залдағы көрініс таспаға жазылып жатса, ойды айтып, дәлелді келтіруге кедергі болмаса, онлайн отырысқа ешкімнің өкпесі болмайды. Судья таразы басын тең ұстап, тараптардың сотта тыңдалу құқығына кепілдік береді. Істерді осындай тәртіппен қарадық. Басында заңға сүйене отырып кейбір істерді тоқтамға алмақ болғанбыз. Мерзімі біткен, аяқталып қалған жиырма шақты істі тоқтамға алдық. Оның өзі де азаматтық істер ғана. Карантин кезінде қылмыстық, әкімшілік істің бір де бірін тоқтамға алған жоқпыз. Төтенше жағдай енгізілген жетпіс сегіз күн ішінде біз оналты мыңнан астам сот мәжілісін өткіздік.

– Төтенше жағдай алынғалы «Сот отырыстары қашан қалыпты режимде өтеді?» деп сұрайтындар көбейді. Шынымен, сот мәжіліс залдары қашан халыққа есігін ашады?

– Мұндай шара бекерден-бекер қолға алынып отырған жоқ. Мемлекет үшін азаматтардың қауіпсіздігі, амандығы маңызды. Ал, еліміздің санитарлық дәрігері «жағдай оңалды, азаматтарға ешқандай қауіп жоқ» десе, істерді қалыпты режимде қарауға біз әзірміз.

Дегенмен, әрбір жаңашылдықтың жағымды жағын, ілкімді тұстарын іздейтін әдетіміз бар. Сонда байқағанымыз, заманауи технологияның игілікті жақтары аз емес. Осы арқылы шағын жиындарды облыс орталығына қызметкерлерді жинамай-ақ өткізуге, маңызды мәселелерді жедел талқылауға, сараптауға болатынына көзіміз жетті. Онлайн-отырыстар тараптар үшін де тиімді. Сот ғимаратына келу үшін уақыт керек, қаржы қажет. Ал, қазіргі жағдайда қолында интернетке қосылған смартфон, ноутбук болса жеткілікті. Сондықтан, карантиндік шектеулер алынған күннің өзінде қашықтан жұмыс істеудің тиімді тұстары әлі де қажетімізге жарайды деген ойдамын.

– Төтенше жағдай кезінде арызшағымдар азайған жоқ па? Соттардың «Соттасатын кез емес, татуласатын кез!» деген ұстанымымен халыққа үндеу жасағанын көзіміз шалып еді. Нәтиже болды ма?

– Қазақ табиғатынан кешірімге көнімді, мәмілеге келгенді құптайтын халық. Бітімгершілік біздің қанымызда бар. Сондықтан, даукестікті азайтып, бейбіт келісімдерді көбейту бойынша соңғы жылдары тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді. Ал, пандемия етектен тартып, індет асқынып тұрған кезде елдің дауласқаннан гөрі, татулықты сақтауы бұрынғыдан да маңызды. Өзі аз халықтың болмашы нәрсені сылтау етіп, бір-бірімен соттасып жүруі жақсылықтың нышаны емес. Төтенше жағдай кезінде осыны халықтың назарына салдық. Әлеуметтік желілер арқылы осындай үндеуді мен де облыс тұрғындарына, заңгерлерге, мемлекеттік органдарға жолдадым. Елді ашумен емес, ақылмен шешім қабылдауға шақырдық. Нәтижесі жақсы. Пандемия кезінде сотқа жүгіну кәдімгідей азайды.

– Тараптар татуласуға, бірін-бірі кешіруге қаншалықты ынталы?

– Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан пилоттық жобаның бірі – «Татуласу: сотқа дейін, сотта». Жоба аясында қаншама іс-шаралар қолға алынды. Медиация кабинеттері ашылды, Билер кеңесі құрылды, судья-медиаторлар тәжірибеге енгізілді, адвокаттардың тараптарды татуластыруына мүмкіндік берілді.

Бұрын біздің өңірде Билер кеңесі жоқ еді. Аудан-ауданды аралап жүріп, алдымен кеңестің маңызын түсіндірдік. Бірінші болып Қарқаралы ауданында, кейін Ұлытау ауданында, Бұқар жырауда, Ақтоғайда, Шет ауданында Билер кеңесі құрылды. Одан кейін барлық өңірге таралды. Ел сыйлайтын, сөзін жұртқа тыңдата алатын, айналасын ұйыта білетін азаматтарды топтастырғанда ғана кеңестің беделі артады. Сөзінің қадірі болады. Біз осыған мән бердік. Билер кеңесінің міндеті – дауласқан тараптарды татуластырумен шектелмеуі керек. Олар жақсылықты, татулықты жарнамалауы керек. Елді ортақ тәртіпті сақтауға, ауызбіршілікке үндегені дұрыс. Отбасылық құндылыққа, тәрбиеге көңіл аудару маңызды. Сонда тараптардың арасына түсіп, татуластырудың да қажеттілігі болмайды. Қазір Билер кеңесі ажырасқандарды жарастырып, некесі бұзылғандардың мүлік дауын шешуге көп көмегін тигізуде.

Халықты ынтымаққа ұйытатын, бірлікке шақыратын амалдардың бәрін пайдалануымыз керек. Соны ескеріп облысымыздың имамы Өмірзақ Қажыбекке жолықтым. Шыны керек, қазір мешітке бас сұқпайтын, уағыз тыңдамайтын адам аз. Соған орай имамға барлық өңірдегі дін өкілдері татулықты насихаттаса деген тілек айттым. Даукестіктің зиянын, соттасудың залалын түсіндірсе деп өтіндім. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демей ме? Мешіттер жанынан ақсақалдар бірігіп, қазір медиацияның тиімділігін насихаттап жүр.

– Медиациялық келісімге келу үшін тараптарға бұрын бес күн берілетін. Жаңа Азаматтық-процестік кодексте татуластыруға берілетін мерзім ұзарды. Енді қолданысқа енгізілген құжаттың тағы қандай тиімді тұстары бар?

– Азаматтық-процестік кодекс – ең жиі қолданылатын заңнама қатарында. Содан болар, бұл құжат судьялар тарапынан көп талқыланды. Азаматтық істерді неғұрлым оңтайлы, жедел, барынша сапалы қараудың мүмкіндіктері ортаға тасталды. Соның ішінде судьяның бейтараптығы кейінгі кезде көп сыналғаны жасырын емес. Расында, судьялар бүгінгі күнге дейін тараптар ұсынған дәлелдермен шектеліп келді. Өзі көріп, біліп отырса да, тараптарға кеңес беріп, қосымша мәліметтер сұратуға дәрменсіз болды. Өйткені, заңның талабы солай. Бір тарапқа артық көңіл бөлу екінші тараптың құқығын бұзу болып саналады. Мысалы, тараптар сыйға тарту шартын даулап жатыр делік. Талап арыз келтіріп, құқықтық негізіне сай келісімшартты жарамсыз дейді. Біз құжатты көріп отырмыз, бұл келісімшартты бұзу керек. Бірақ, құқығымыз шектеулі, егер ойымызды айтсақ, онда мына тараптың мүддесін қорғап, артықшылық жасаған болып шығамыз. Осыдан кейін істі қарап, қанағаттандырудан бас тартамыз. Оны сот хатшысына бұл жерде басқа талап, мынандай дүние болуы керек деп жазып береміз. Ал, судьяға процесте дәлелдерді сұратуға, қосымша сауалдар қоюға, жағдайды анықтауға мүмкіндік берілсе, көп әурешілік азаяды. Жаңа заң судьялардың процестегі белсенділігін арттыруға жол ашып отыр.

Сосын сотта басы артық құжат аз емес. Кейде, бір талап арызды қабылдау үшін бес-алты ұйғарым шығарамыз. Кімге, неге керек оның бәрі? Келді ме, жүгінді ме, бір-ақ ұйғарыммен қабылда, тағайында, өндірістерін бекітіп, дайындығын жасап, керек емес дүниелердің бәрін қысқартып тастау керек. Сот ісі адамдарға біріншіден, түсінікті, екіншіден, өте ыңғайлы болғаны жөн. Ыңғайлы, түсінікті болса, бюрократиялық кедергі азайса, сот ісі жеңілдейді.

Соттардың өз шешімдерін түсіндіруі де өте дұрыс жасалған, лайықты өзгерту. Оған тәжірибе барысында көз жеткізіп келеміз. Шындығында, заң тілі ауыр, криминалогияның ұңғылшұңғылы қарапайым азаматтарға бейтаныс. Ол бізге, адвокаттарға, прокурорға түсінікті. Тараптар шешімдегі сірескен заңдық терминдерді түсінбейді. Ал, енді сот актісін жариялағаннан кейін судья не себепті мұндай қорытындыға келгенін, қандай дәлелдерге сүйенгенін, нені желеу еткенін тәптіштеп айтып береді.

Әрине, істер бітіммен бітсе, екі тарап та разы. Ал, сот шешімі шығатын болса бір жақ риза болғанмен, бір тараптың наразы болатыны шындық. Сондайда, өз қатесін мойындап, сот шешімімен тоқтайтындар да, «Менікі ғана дұрыс» деп әрі қарай арыздануды тоқтатпайтындар да бар. Азаматтардың өз құқығын қорғауына ешкім шектеу қоя алмайды. Тек, өнбейтін дауды өспейтін ел қуатынын қайта-қайта қаперге салып отырғанның артықтығы жоқ.

– Сот жұмысына, судьялар қызметіне қатысты сын азайған емес. Соған орай судьяларға қойылатын талап жылдан жылға күшейтіліп келеді. Төраға ретінде кейінгі іріктеуден өткен судьялардың жұмысына көңіліңіз тола ма? Шындығында Жоғарғы Сот кеңесінің сүзгісінен тек мықтылар іріктеліп шығып жатыр ма?

– Судьяларға қойылатын талап өсіп жатыр. Қоғамның қажеттілігі, талабы солай. Судья – сот саласының айнасы. Айнаның кіршіксіз таза, мінсіз болуы міндет. Сондықтан іріктеудің қатаң болуын құптаймын.

Бұған дейін сот саласында жұмыс істеген, төрелік алаңының қыр-сырын терең меңгерген, теорияны тәжірибемен ұштастырған жандарға басымдық беріліп келді. Мұның жағымды жағы жоқ дей алмаймыз. Бұл судьялардың жанында табан аудармай жұмыс істеп, өсуді армандаған жастарға үлкен қолдау болатын. Алайда, кейбір мамандар хатшы деңгейінде қалып қояды. Сосын қазіргі хатшылар мен бұрынғы хатшыларды салыстыру мүмкін емес. Бұрынғы сот хатшылары хаттаманы қолмен жазатын, судьямен бірге істің қыр-сырына үңілетін. Өзі бастан-аяқ іс барысын қағазға түсіретіндіктен, әр сөзге мән беретін. Сот мәжілісіндегі адамдардың уәждері мен дәлелдерінің хаттамаға дұрыс түскеніне жауапты болатын. Ал, қазір істің бәрі дыбыс-бейне құрылғыларына жазылады. Хатшының бар шаруасы тараптарды шақырып, судьяның келген, кеткенін хабарлаумен, түймедей тетікті басумен шектеледі. Ондай хатшыны ертең қалай судья қыласыз? Судьялыққа келу үшін соттағы еңбек өтілін сұрау білікті мамандарды қолдан тежеу іспеттес. Дәл осы тетік ірі компанияларда, заңгерлік кеңселерде, прокуратура, адвокатурада қызмет етіп жүрген білікті мамандардың сот саласына келуіне кедергі болды. Шетелде білім алып, шеберлігін шыңдаған, мамандығының майталманына айналған жандар судья болу үшін сот хатшысы бол дегенге келісе ме? Келіспейді, әрине! Міне, кейінгі жылдары осы олқылық ескеріліп, өзге салалардағы озық ойлы, терең білімді, ынталы жандардың сот сапын толтыруына жол ашылды. Рас, конкурс үлкен. Қазы боламын деушілер өтетін сынақтар да қатаң. Бірақ, сол көп сүзгіден сүрінбей өткен мамандар үдеден шығып жатыр. Мысалы, біздің сотқа екі жас судья қосылды. Екеуі де мықты. Өзіне жүктелген міндетті бірден қамшы салдырмай алып кетті. Тосылған жоқ. Яғни, судьяларды іріктеудің жаңа сүзгісі үздіктерді таңдауға толықтай қабілетті.

– Сыбайлас жемқорлық дендемеген сала жоқ. Ара-тұра судьялардың да пара алып, істі болып жатқанын көріп отырмыз. Талаптың қатаңдатылуына мұның да әсері бар шығар?

– Талап, тәртіп болған жерде заңбұзушылық орын алмайды. Біздің аймақта сот беделіне көлеңке түсіретін жағдайлардың орын алмауы сол тәртіп пен қадағалаудың арқасында деп ойлаймын. Әділдікті қалпына келтіруі тиіс судьяның істі болуы сүйіншілейтін нәрсе емес. Әрине, өмір болған соң судьяның жұмысына біреу ризашылығын білдіріп, енді біреудің көңілі толмай жатады. Наразылар арыз жазады, шағым келтіреді. Елдің бәріне жағу қиын. Оның үстіне, судьялар да ет пен сүйектен жаралған адам. Бірақ, жемқорлықтың жарға жығатынын, өзі қараған іске салғырттық таныту судьяларға ғана емес, бүкіл сот құрылымына деген теріс көзқарас тудыратынын ескерту керек. Күнде айту керек болса, күнде айтқан дұрыс!

– Әріптестеріңіз сізді іскер басшы деп бағалайды. Іскер адам ортасына жайлы жағдай жасауға бейім келеді. Судьялардың алаңсыз жұмыс істеуіне қаншалықты қолдау көрсете алдыңыз?

– Іскерлік алдымен жұмысты үйлестіруден, қызметті тиімді ұйымдастырудан көрінеді. Қай сотқа барсам да, алдымен ұжымды бір мақсатқа біріктіруге күш саламын. Содан кейін олардың қандай жағдайда жұмыс істеп отырғанына мән беремін. Заманауи игіліктерден құр қалған судьяның ісінде береке болмайды. Осыған орай бұған дейін төрағалық еткен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында да, қазіргі Қарағанды облыстық сотының да ғимаратын әр нүктесіне дейін ойластырып, көңілдегідей етіп салдыруға тырыстым. Ғимаратты салуға бөлінген қаржының шашауын шығармай, өз бақылауымда ұстадым. Мұнда кітапхана да, асхана да, тіпті демалыс орны мен жаттығу залы да ескерілген. Үлкен жиындар өткізу үшін орын жалдаудың қажеті жоқ. Керек десеңіз, облыстық соттың мұражайын жасау үшін арнайы орын да қалдырдық. Мұражай соттың елеусіз бір қуысында тұрмауы керек. Сот тарихынан сыр шертетін шежіре дүниелер ең көрнекі жерден орын алуы қажет. Қазір мұражайдың маңызын ашатын дүниелер жинақталуда.

Бұдан бөлек, бүгінде Теміртау қалалық сотының ғимараты жасалып жатыр. Жетпіс үш жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген ғимарат қой. Межеленген мерзімде теміртаулықтар да жарық, кең залда іс қарайды. Біз былтыр бір жылдың ішінде облыс бойынша он екі фронт кеңсенің тұсауын кестік. Барлық соттар ыңғайлы күту залдарымен, ашық кеңсемен қамтылды.

Судьяларға жайлы орта жасақтаумен бірге, игілікті істерге ұйымдастырудан да шет қалып отырған жоқпыз. Ғимараттың алдына биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арнап Даңқ тақтасын орнаттық. Тақтада қырық екі адамның тізімі бар. Бұдан бөлек, жаңа ғимараттың алдына үш бидің ескерткішін қойдық. Ақиқаттың алдаспаны болған үш бабамыздың бейнесі қазылардың санасына қозғау салары анық.

Өздеріңіз байқағандай, Қарағанды соттары бастама көтеруден үнемі алда. Ұлы Абайдың 175 жылдығына арнап сот саласында бірінші болып жыр мүшәйрасын өткіздік. Облыстық жас ақындар қатысқан бұл додаға Серік Ақсұңқарұлы, Қойлыбай Асан секілді белгілі тұлғалар төрелік етті. Мүшәйра арқылы сот ұжымы өрелі сөз тыңдап, ойлы жырларды таразылауға мүмкіндік алды. Жыр додасында топ жарған жүйріктердің өлеңдерін жақында жинақ етіп шығардық. Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында өзге ұлт өкілдеріне қазақ ақындарының өлеңін оқытып, жаңа челлендж бастадық. Сол арқылы қазақша үйренгісі келетіндер қатарын өсірсек дейміз. Елбасы айтқандай, қазақ пен қазақтың қазақша тілдескенін қалаймыз. Бұл іс те бір нәтижесін береді деген үміттеміз.

Қарағанды соттары қайырымдылық жасаудан да кенде емес. Еріктілер жылы аясында өңірдегі ардагерлердің үйіне барып, қолғабыс етіп жүрміз. Жылы бөлмеден шықпағандар қиындықтың не екенін білмейді. Өзгенің қасіретін түсінбейді. Сондықтан бұл шараның рухани жақтан да көмегі көп.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

10. «КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы ахуалы бойынша қаржылық жағдай туралы ЖЕКЕ Есептілік

(мың теңге)

Тараулар мен бөлімдердің атауы	Ескерт.	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	1	3,549,412	5,380,211
Банктердегі қаражаттар	2	228,747	1,624,276
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	3	10,185,560	12,028,378
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар	4	3,800,000	–
Сату үшін қолда бар болатын қаржылық активтер	5	47,605	47,181
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	6	709,750	776,231
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының сақтық қоры, қайта сақтандырушының үлесі	7	302,887	372,448
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша сақтық қор, қайта сақтандырушының үлесі	8	277,743	214,006
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	9	144,470	28,455
Негізгі қаражаттар	10	799,330	761,410
Материалды емес активтер	11	146,124	121,284
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	12	13,205	11,000
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар	13	721,251	320,072
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	14	27,757	-
Басқа да активтер	15	190,986	222,311
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		**21,144,827**	**21,907,263**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	16	420,875	428,645
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының сақтық қоры	17	4,478,234	4,458,015
Сақтандыру талаптарын реттеу бойынша залалдар мен шығындар бойынша сақтық қорлар	18	4,268,352	3,187,429
Тікелей РЕПО шарттары	19	1,836,008	3,285,577
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	20	-	95,159
Болашақ кезеңдердің табыстары	21	309,777	180,055
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	152,943	–
Басқа да міндеттемелер	23	328,853	276,291
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		**11,795,042**	**11,911,171**
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	24	300,000	300,000
Мүлікті қайта бағалау қоры	25	513,377	539,228
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау қоры	26	(1,214)	(2,653)
Тұрақтандыру сақтық қоры	27	385	1,568
Басқа да сақтық қорлар	28	15,000	22,892
Бөлінбеген пайда	29	8,522,237	9,135,057
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		**9,349,785**	**9,996,092**
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ		**21,144,827**	**21,907,263**

Басқарма Төрағасы **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер **Шалгинбаева А.К.**

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Пайда және залал және басқа да жиынтық табыс туралы ЖЕКЕ есептілік

(мың теңге)

Тараулар мен бөлімдердің атаулары	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Сақтандыру сыйлықақылары, жалпы сомасы	1	**10,135,512**	9,319,711
Қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақылары	2	**(1,384,082)**	(1,422,308)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды есепке алмағандағы сақтандыру сыйлықақылары	**3**	**8,751,430**	**7,897,403**
Аққұла сақтандыру сыйлықақылардың сақтық қорындағы өзгеріс, нетто	4	**(89,780)**	(404,056)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды есепке алмағандағы еңбекпен табылған сыйлықақылар	**5**	**8,661,650**	**7,493,347**
Төленген залалдар, жалпы сомасы	6	(4,709,618)	(3,855,534)
Төленген залалдар, қайта сақтандырушының үлесі	7	61,818	551,170
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша сақтық қорлардағы өзгеріс, жалпы сомасы	8	(1,080,923)	(39,501)
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша сақтық қорлардағы өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі	9	63,737	(562,775)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды есепке алмағандағы орын алған залалдар	**10**	**(5,664,986)**	**(3,906,640)**
Комиссиялық табыстар	11	124,007	94,530
Комиссиялық шығындар	12	(1,236,016)	(602,167)
Комиссиялық шығындар, нетто	**13**	**(1,112,009)**	**(507,637)**
Инвестициялық табыс	14	1,180,590	1,223,100
Шетел валютасымен орындалатын операциялар бойынша таза (залал)/табыс	15	(47,200)	1,221,646
Негізгі құралдарды істен шығарудан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан түскен таза өткізілген (залал)/табыс	16	(5,040)	3,879
Басқа да операциялық шығын, нетто	17	(92,534)	(432,087)
Басқа табыс	**18**	**1,035,816**	**2,016,538**
Еңбекақы және басқа төлемдер	19	(2,242,917)	(2,668,504)
Әкімшілік және операциялық шығындар	20	(1,158,005)	(833,724)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	21	(117,531)	(59,116)
Өтемпұл және тозу	22	(74,159)	(51,437)
Операциялық шығындар	**23**	**(3,592,612)**	**(3,612,781)**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі залал	**24**	**(672,141)**	**1,482,827**
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығындар)	25	116,453	(138,732)
Таза залал		**(555,688)**	**1,344,095**
Салықты шегергендегі басқа да жиынтық залал	26		
Кейіннен пайда немесе залал құрамына жіктелмейтін баптар Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған таза залал (салық әсерін шегергенде - 6,463 мың теңге)	26.1	**(25,851)**	–
Кейіннен пайда немесе залал құрамына жіктеле алатын баптар	26.2		
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі (салық әсерін шегергенде - нөл)	26.3	449	1,868
Бір жыл ішінде сатылған Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер бойынша таза залал/(табыс) (салық әсерін шегергенде - нөл)	26.4	990	(979)
Корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі басқа жиынтық залал	27	**(24,412)**	**889**
Барлығы жиынтық (залал)/табыс	28	**(580,100)**	**1,344,984**
Акцияға (залал)/табыс	29		
Базалық және қосарланған (теңгеде)	30	**(5,296)**	**10,981**

Басқарма Төрағасы **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер **Шалгинбаева А.К.**

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша капиталдағы өзгерістер туралы ЖЕКЕ есептілік

(мың теңге)

Тараулар мен бөлімдердің атаулары	Жарғылық капитал	Мүлікті қайта бағалау қоры	Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау қоры	Тұрақтандыру қоры	Басқа да сақтық қорлар	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2018 жылдың 31 желтоқсанына	**300,000**	**539,228**	**(3,542)**	**19,690**	**15,000**	**7,780,732**	**8,651,108**
Басқа да жиынтық табыс	–	–	*889*	–	–	–	***889***
Таза пайда	–	–	–	–	–	*1,344,095*	***1,344,095***
Барлығы жыл бойынша жиынтық табыс	–	–	889	–	–	1,344,095	**1,344,984**
Тұрақтандыру қорындағы өзгерістер	–	–	–	(18,122)	–	18,122	–
Болжанбаған тәуекелдер қорындағы өзгерістер	–	–	–	–	7,892	(7,892)	–
2018 жылдың 31 желтоқсанына	**300,000**	**539,228**	**(2,653)**	**1,568**	**22,892**	**9,135,057**	**9,996,092**
ҚЕХС (IFRS) 16 пайдаланудан болатын әсер	–	–	–	–	–	**(66,207)**	**(66,207)**
2019 жылдың 1 қаңтарына	**300,000**	**539,228**	**(2,653)**	**1,568**	**22,892**	**9,068,850**	**9,929,885**
Басқа да жиынтық залал	–	*(25,851)*	*1,439*	–	–	–	***(24,412)***
Таза залал	–	–	–	–	–	*(555,688)*	***(555,688)***
Барлығы жыл ішіндегі жиынтық залал	–	(25,851)	1,439	–	–	(555,688)	**(580,100)**
Тұрақтандыру қорындағы өзгерістер	–	–	–	(1,183)	–	1,183	–
Болжанбаған тәуекелдер қорындағы өзгерістер	–	–	–	–	(7,892)	7,892	–
2019 жылдың 31 желтоқсанына	**300,000**	**513,377**	**(1,214)**	**385**	**15,000**	**8,522,237**	**9,349,785**

Басқарма Төрағасы **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер **Шалгинбаева А.К.**

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы ЖЕКЕ есептілік

(мың теңге)

Тараулар мен бөлімдердің атаулары	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН БОЛАТЫН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі залал	1	(672,141)	1,482,827
Түзетулер:			
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының қорларындағы өзгеріс	2	89,780	404,056
Қайта сақтандырушының үлесін есептемегенде сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар қорларындағы өзгерістер	3	1,017,186	602,276
Тозу және өтемпұл	4	74,159	51,437
Негізгі құралдарды шығарудан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан болған таза өткізілген залал	5	19,161	3,461
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерін қайта бағалау бойынша іске асырылмаған табыс	6	75,716	(53,826)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза іске асырылмаған залал/(табыс)	7	47,129	(1,195,294)
Құнсыздану бойынша қордың қалыптасуы	8	48,973	15,959
Пайдаланылмаған демалыс және жылдық сыйлықақы бойынша қордың өзгеруі	9	129,700	16,569
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс	10	(82,937)	36,292
Жалдау бойынша пайыздық шығындар	11	17,277	–
Басқа да түзетулер	12	(1,190)	8,242
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі		**762,813**	**1,371,999**
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгерісі:			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің өзгеруі	13	39,582	(307,725)
Аквизициялық шығындардағы өзгеріс	14	(401,179)	(57,572)
Басқа активтердегі өзгерістер	15	37,840	(10,589)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің өзгеруі	16	(48,103)	150,765
Болашақ кезеңдер табыстарындағы өзгеріс	17	158,490	(89,859)
Басқа міндеттемелердегі өзгерістер	18	(112,429)	(4,201)
Корпоративтік табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсім		**437,014**	**1,052,818**
Төленген корпоративтік табыс салығы	**19**	**(116,015)**	–
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі		**320,999**	**1,052,818**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құралдарды сатып алу	20	(61,369)	(87,899)
Материалды емес активтерді сатып алу	21	(33,632)	(25,088)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	**22**	–	–
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатып алу	23	(4,475,768)	(8,370,994)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатудан түсімдер	24	6,307,507	5,396,766
Сақтандыру портфелін сатып алумен байланысты төлем	25	–	(305,765)
Сақтандыру портфелін сатып алу кезіндегі түсім	26	–	1,350,578
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерін сатудан түсімдер	27	–	34,145
Тікелей РЕПО шарттарын сатып алу	28	(17,023,699)	(20,370,577)
Тікелей РЕПО шарттарын сатудан түсімдер	29	15,574,130	22,819,408
Еншілес компанияға инвестициялар	30	(3,800,000)	–
Банктерге орналастырылған қаражаттар	31	(11,392,183)	(13,396,483)
Банктерден қайтарылған қаражаттар	32	12,800,099	15,898,235
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза (жылыстауы)/түсімі		**(2,104,915)**	**2,942,326**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Активтерді пайдалану құқығы үшін төлем	**33**	(23,934)	–
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		**(23,934)**	–
Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының таза (кемуі)/артуы	**34**	(1,807,850)	3,995,144
Бағам айырмаларының әсері	35	(22,949)	(26,352)
Кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		5,380,211	1,411,419
Кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		**3,549,412**	**5,380,211**

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компания алған пайыздар сомасы 518,142 мың теңгені құрады (2018: 839,943 мың теңге). 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компания төлеген пайыздар сомасы 17,047 мың теңгені құрады (2018: 59,433 мың теңге).

Басқарма Төрағасы **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер **Шалгинбаева А.К.**

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 ЖЫЛДЫҢ 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ

Түсіндірме хат

«Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 1991 жылдың 19 қарашасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Компанияның жалпы сақтандыру саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына 2011 жылдың 30 желтоқсанындағы №2.1.1 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ, бұрын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі ретінде мәлім болған) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау Комитетімен берілген лицензиясы бар.

Компания мүлікті сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, жеке сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша әртүрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Компанияның тіркелген кеңсесі келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр к. 19.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания акционерлері болып табылады: «Сентрас Капитал» ЖШС – 80,36%, «Сентрас Секьюритиз» АҚ – 6,0%, басқалары (меншік үлесі 5%-дан аз) – 13,64%. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның соңғы бақылаушы тұлғасы Қазақстан Республикасының азаматы Абдразаков Е.С. мырза болып табылады.

2019 жылдың ішінде Компания «Сентрас Коммеск Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес ұйымын құрды және оған инвестициялады. Еншілес ұйым сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылатын өмірді сақтандырудың ерікті нысанына қатысты әртүрлі сақтандыру өнімдерін ұсынуды жоспарлауда. Еншілес ұйымға салынған инвестицияның сомасы 3 800 000 мың теңгені құрды. 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша еншілес ұйым сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алған жоқ.

2019 жылдың 10 наурызында A.M.Best халықаралық рейтинг агенттігі «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ рейтингтерін растады: қаржылық тұрақтылық рейтингі «B-» және ұзақ мерзімді эмитенттің несиелік рейтингі «bb-». Рейтингтер болжамы «тұрақты».

Компания стандартты қолдануда түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолданады. Осы тәсілге сәйкес 16 ҚЕХС (IFRS) алғашқы қолданудың жиынтық әсері алғашқы қолдану күніндегі капиталға түзету ретінде танылады. Компания 2015 жылдың қаңтарынан бастап әкімшілік кеңсені жалға алды. Компания 16 ҚЕХС (IFRS) қабылдаудың компанияның жеке қаржылық есептілігіне әсерін бағалады. 6 жыл жалдау мерзімі тоқтатылмайтын кезеңге сәйкес келеді, қажет болған жағдайда келісімнің алғашқы күнінен 2015 жылдың маусымынан бастап Келісімшарттың әрекет ету мерзімінің 2025 жылда аяқталу күніне дейін ақылға қонымды түрде белгіленген және есептелген ұзарту нұсқасымен. Пайдалану құқығын білдіретін активті есептеу үшін 11,0% құрайтын, келісімшарттың әрекет етуі басталған кезде Ұлттық банк берген қарыздар бойынша мөлшерлемеге тең болатын дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания «Сентрас Коммеск Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ бастапқы құны бойынша жеке қаржылық есептілікте көрсетілген 3 800 000 мың теңге мөлшеріндегі 100% жай акциялар үлесіне иелік етеді.

«Сентрас Коммеск Life» өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасында 2019 жылдың 27 желтоқсанында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Еншілес компания сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылатын өмірді сақтандыру бойынша әртүрлі сақтандыру өнімдерін ұсынуды жоспарлап отыр.

2019 жылы дивидендтер жарияланған жоқ немесе төленген жоқ.

АКТИВТЕР 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 21 907 263 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер сомасы 21 144 827 мың теңгені құрады, бұл 762 436 мың теңгеге аз. Өзгеріс 3,5 % құрады.

Жеке баптар тұрғысында кезең ішіндегі активтердің өзгеруі (қорларды (провизияларды), теріс түзету шоттарын және есептелген амортизацияны қоса есептегенде) жиынтық мәндерін көрсетумен келесідей сипатталады:

– ақша қаражаттары мен олардың баламалары 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 5 380 211 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 3 549 412 мың теңгені құрады, төмендеу 34,0% құрады; ақшалай қаражаттың құрамына кассадағы қолма-қол ақша, делдалдық шоттардағы, ағымдағы банктік шоттардағы ақшалар, жолдағы ақшалай қаражаттар және бір айға дейінгі мерзімді «кері РЕПО сатып алу» шарттары кіреді;

– банктердегі қаражат 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 1 624 276 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 85,9% төмендеп, 228 747 мың теңгені құрады; кәдімгі қызметі барысында Компания әр түрлі мерзімге банктерде салымдар салады. Депозиттер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің негізінде амортизацияланған құны бойынша есептеледі;

– пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер 2019 жылдың 1 қаңтарына 12 028 378 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 15,3% төмендеп, 10 185 560 мың теңгені құрады; қаржылық активтер – пайда мен залалды қайта бағалауды көрсетумен әділ құны бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе залалдар қаржылық актив бойынша алынған дивидендтер мен пайыздарды қамтиды және пайда мен залал туралы және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетіледі;

– еншілес ұйымдарға инвестициялар 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 3 800 000 мың теңгені құрады;

– сатуға қолда бар қаржылық активтер 2019 жылдың 1 қаңтарына 47 181 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 0,9% өсіп, 47 605 мың теңгені құрады; ұйымдастырылған нарықтарда сатылатын акциялар мен мерзімді облигациялар «сату үшін қолда бар» ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құнның өзгеруімен байланысты кірістер мен шығыстар, тұрақты сипаттағы құнсыздану жағдайларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірісті, пайдада және залалдарда танылған бағамдық айырмашылықтарды қоспағанда, инвестициялардың қайта бағалау қорының құрамында басқа жиынтық кірістерде танылады. Қаржы активін шығару немесе құнсыздану кезінде, сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша қорында бұрын танылған жинақталған кірістер немесе шығыстар есептен шығару немесе құнсыздану кезеңіндегі қаржылық нәтижелерге жатады;

– сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 776 231 мың теңге құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 709 750 мың теңгені құрады, төмендеу 8,6%; Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек тиісті кіріс табылған кезде танылады. Құнсыздану нысанына сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің баланстық құнын шолу әрдайым оқиғалар немесе жағдайлар баланстық құны өтелмеуі мүмкін екендігін көрсеткенде жүзеге асырылады; құнсызданудан болған залал пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есептілікте көрсетіледі. Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешекті тануды тоқтату қаржылық активтерді тануды тоқтату критерийлері орындалған кезде орындалады;

– аққұла сақтандыру сыйлықақыларының қорларындағы қайта сақтандырушының үлесі 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 372 448 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 18,7 % төмендеп, 302 887 мың теңгені құрады; Компания әдеттегі қызмет барысында жалпы сақтандыру келісімшарттары бойынша қайта сақтандыру тәуекелін өзіне алады. Қабылданған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар мен залалдар қайта сақтандыру түрлеріне сәйкес сақтандыру бойынша кірістер мен шығыстар сияқты кірістер мен шығыстар ретінде танылады. Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер қайта сақтандырушылар алдындағы міндеттемелер болып табылады. Төленуге жататын сомалар қайта сақтандыру бойынша келісімшарттарға сәйкес бағаланады. Сыйақылар мен төлемдер тапсырылған және қабылданған қайта сақтандырулар үшін жалпы сомада көрсетілген. Қайта сақтандыру бойынша активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату келісімшарттық міндеттемелер орындалған немесе мерзімі өткен немесе келісімшарт басқа тарапқа өткен кезде жүзеге асырылады;

– сақтандыру талаптарын өтеу бойынша залалдар мен шығындар қорларындағы қайта сақтандырушының үлесі 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 214 006 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 29,8% өсіп, 277 743 мың теңгені құрады;

– ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 28 455 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұлғаю 100% -дан асып, 144 470 мың теңгені құрады;

– негізгі құралдар 2019 жылдың 1 қаңтарына 761 410 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 5,0 % өсіп, 799 330 мың теңгені құрады; Жер мен ғимараттар қайта бағалау кезіндегі әділ құны болып табылатын, жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі, жердің қызмет мерзімі әдетте, шектеусіз және өтемпұлға жатпайды. Негізгі құралдардың баланстық құны олардың есепті күнгі әділ құнынан айтарлықтай ерекшеленбеуі үшін қайта бағалау үнемі жүргізіледі. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттар, құрылыстар құнының кез келген өсуі басқа жиынтық кірістер құрамына қосылады және бұрын шығын ретінде танылған сол активтер құнының алдыңғы төмендеуінен асатын деңгейде капиталда жинақталады. Алдыңғы төмендеу сомалары шегінде қайта бағалау қаржылық нәтижеге жатады. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттардың баланстық құнының төмендеуі, осы активті алдыңғы қайта бағалаулар нәтижесінде құрылған қайта бағалау қорының қалдығынан асып кету мөлшеріндегі қаржылық нәтижеге жатады. Қайта бағаланған ғимараттар мен құрылыстардың тозуы бойынша шығыстар пайдада немесе залалда көрсетіледі. Қайта бағаланған ғимараттарды кейін сату немесе есептен шығару кезінде негізгі құралдарды қайта бағалау қорының қалдығы бөлінбеген пайдаға есептеледі. Көлік құралдары мен басқа да негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі;

2019 жылдың 1 қыркүйегінде Компания тәуелсіз бағалаушы жүргізген негізгі құралдарды қайта бағалауды жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Компания 32,314 мың теңге мөлшерінде қайта бағалау шығындарын мойындады.

ҚЕХС (IFRS) 16 қабылданғаннан кейін, Компания жалдаушы болып табылатын барлық жалдау шарттары бойынша есепке алу мен бағалауға біртұтас тәсіл қолданды, жалдау бойынша мойындау ерекшеліктері бастау күніне жалдау мерзімі 12 ай немесе одан аз болатын және сатып алу опционы жоқ (қысқа мерзімді жалдау) және базалық активінің құны төмен болатын жалдау шарттары (төмен құны болатын активтер) үшін.

Қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте, жиынтық залал туралы есептілікте және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептілікте танылған сомалар:

– 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша құқық түріндегі активтер – 93 393 мың теңге, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 80 051 мың теңге;

– амортизация бойынша шығындар 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша – 13 342 мың теңге;

– пайыздар бойынша шығындар 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша – 17 277 мың теңге;

– 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша төлемдер 23 934 мың теңгені құрады;

– жалдау бойынша міндеттемелер 2019 жылдың 1 қаңтарына – 159 600 мың теңге, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 152 943 мың теңге.

– материалдық емес активтер 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 121 284 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 20,5% өсіп, 146 124 мың теңгені құрады; Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама кіреді және жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі өзіндік құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтердің амортизациясы тікелей әдіспен есептеледі және актив пайдалануға дайын болған кезде басталады. Жеке қаржылық есептілікті дайындау мақсатында Компания 5 жыл мерзімге дейін пайдалы қолдану мерзімін пайдалана отырып, немесе лицензиялық келісімнің немесе құжатқа сүйене отырып патенттің әрекет ету мерзіміне сәйкес материалдық емес активтердің амортизациясын есептейді. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімдері, сақтау құны және амортизацияны есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі;

– инвестициялық жылжымайтын мүлік 2019 жылдың 1 қаңтаына 11 000 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 13 205 мың теңгені құрады, өсім 20,0%; Инвестициялық жылжымайтын мүлік дегеніміз – жалдау төлемін, капиталдың үстелуін алу үшін немесе басқа жағдайда (соның ішінде, салынып жатқан объектілер) пайдаланылатын объектілер болып табылады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері бастапқыда сатып алу шығындарын қоса алғанда, сатып алу құны бойынша есепке алынады. Кейіннен олар әділ құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнындағы өзгерістер олар пайда болған кезеңдегі пайдаға немесе залалға қосылады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі шығарылғаннан кейін немесе пайдаланудан шығарылған кезде, онымен байланысты экономикалық пайда алатындығы болжанбаған кезде баланстан шығарылады. Мүлікті сатудан болған кез

(Жалғасы 7-бетте)

(Соңы. Басы 6-бетте)

келген кіріс немесе залал (шығарудан түскен таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырма) есептен шығару кезеңіндегі пайдаға немесе залалға қосылады.

– **кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 320 072 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өсім 125,3% болып, 721 251 мың теңгені құрады;

– **кейінге қалдырылған салықтық активтер** 2019 жылдың 31 желтоқсанына 27 757 мың теңгені құрады;

– **басқа активтер** 2019 жыдың 1 қаңтарына 222 311 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 14,1% төмендеп, 190 986 мың теңгені құрады.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 11 911 171 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша міндеттемелер сомасы 11 795 042 мың теңгені құрады, бұл 116 129 мың теңгеге аз. Өзгеріс 1,0 % құрады.

Жеке мақалалар тұрғысынан кезең ішіндегі міндеттемелердің өзгерісі жиынтық мәндерін көрсетумен келесідей сипатталады:

– **сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 428 645 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 1,8% төмендеп, 420 875 мың теңгені құрады;

– **ақшаны сақтандыру сыйлықақыларының қоры** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 4 458 015 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 0,5% өсіп, 4 478 234 мың теңгені құрады;

– **сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындардың қорлары** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 3 187 429 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 33,9%-ға өсіп, 4 268 352 мың теңгені құрады; Компания сақтандыру қызметінен болған шығындар бойынша қорларды 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 4,268,352 мың теңге мөлшерінде таныды. Осы қорларды есептеу кезінде пайдаланылған болжамдар субъективті болып табылады және сақтандыру қызметімен байланысты шығындарды жабуға қажетті резерв мөлшерін анықтау үшін қажет. Шығындар бойынша қорлардың барабар сомасын анықтау үшін Компания кәсіби актуарийді жұмылдырады, өйткені Компанияның тарихи деректеріне негізделген болжамды және шамаланған шығындармен байланысты Компанияның болжамдарында белгісіздік пайда болады. Сақтандыру қызметінен болған нақты шығындар 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар резервінен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін;

– **тікелей РЕПО келісімдері** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 3 285 577 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 1 836 008 мың теңгені құрады, төмендеу 44,1% болды;

– **кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер** 2019 жылдың 1 қаңтарына 95 159 мың теңгені құрады;

– **болашақ кезеңдер табыстары** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 180 055 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 72,0 % өсіп, 309 777 мың теңгені құрады;

– **жалдау бойынша міндеттемелер** 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 152 943 мың теңгені құрады;

– **басқа міндеттемелер** 2019 жылдың 1 қаңтарына 276 291 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өсім 19,0% болып, 328 853 мың теңгені құрады.

КАПИТАЛ 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 9 996 092 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша капитал мөлшері 9 349 785 мың теңгені құрады, бұл 646 307 мың теңгеге аз. Өзгеріс 6,5 % құрады.

Жеке мақалалар тұрғысынан кезеңдегі капиталдың өзгерісі жиынтық мәндерін көрсетумен келесідей сипатталады:

– **жарғылық капитал** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 300 000 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 300 000 мың теңге болды, кезең бойынша өзгерістер жоқ; 2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шығарылған жай акциялар саны 230,000 құрады және номиналды құны 300,000 мың теңге болатын 122,400 жай акция орналастырылды. Әр жай акция бір дауысқа құқық береді, және акциялар дивидендтерді бөлуде тең болады. 2019 және 2018 жылдар аралығында дивидендтер жарияланған жоқ және төленген жоқ;

– **мүлікті қайта бағалау қоры** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 539 228 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 513 377 мың теңге, төмендеу 4,8% құрады;

– **сатуға қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша (2 653) мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 54,2% ұлғайып (1 214) мың теңгені құрады;

– **тұрақтандыру қоры** 2019 жылдың 1 қаңтарына 1 568 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 75,4% төмендеп, 385 мың теңгені құрады; Тұрақтандыру резерві бөлінбеген пайданы түзету жолымен капитал құрамында танылады және сақтандыру ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициент оның орташа мәнінен асып кетсе, сақтандыру ұйымының болашақ сақтандыру төлемдерін орындауға байланысты міндеттемелерінің бағасы болып табылады;

– **басқа қорлар** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 22 892 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 15 000 мың теңгені құрады, төмендеу 34,5%;

– **бөлінбеген пайда** 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 9 135 057 мың теңгені құрады, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 6,7% төмендеп, 8 522 237 мың теңгені құрады.

Қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалады. Есептеу қағидаты төлем уақытына қарамастан, шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ оларды орындау фактісі бойынша оқиғаларды тануды қарастырады. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есептілікте көрсетіледі және олар қатысты болатын кезеңдердің жеке қаржылық есептілігіне қосылады.

Сақтандыру қызметінен түсетін кірістерге ақшаны сыйлықақылар қорының таза өзгерісін, төленген залалдар және шығындар бойынша және сақтандыру талаптарын реттеу бойынша шығындар қорларын, және акцизициялық шығындарды шегерумен таза сақтандыру сыйлықақылары мен қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақылардан ұсталған комиссиялар кіреді.

Таза сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақыларды шегергендегі жалпы сыйлықақылар болып табылады. Келісімшарт жасасу кезінде сыйлықақылар сақтандыру сыйлықақылары ретінде танылады және сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде пропорционалды негізде кірістерге жатады. Ақшаны сыйлықақылардың қоры сақтандыру бойынша шарттың аяқталмаған мерзіміне қатысты сақтандыру сыйлықақыларының бөлігі болып табылады және қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте міндеттемелер құрамына қосылады.

Төленген шығындар және шығындар бойынша қорлардың өзгерістері пайда болуына байланысты залалдар мен шығындар бойынша сақтандыру талаптарын реттеуге арналған қорларды қайта бағалау арқылы пайда мен залалдар туралы бөлек есептілікте ескеріледі.

Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойылған және күшіне енген сәттен бастап пайда және залал туралы жеке есептелікте есептеледі.

Аквизициялық шығындар сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлеріне төленген комиссиялардан тұрады және қаржылық жағдай туралы бөлек есепте қоса тіркелген ақшаны сыйлықақылар қорының азаюы ретінде есептеледі және көрсетіледі, және тиісті сыйлықақылар алынған кезең ішінде амортизацияланады.

Компания әрбір есепті күнге сақтандыру бойынша міндеттемелерінің болжанатын болашақ ақша ағындарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін міндеттемелердің барабарлығын тексереді. Бұл талдау ең жақсы болжамдар мен бағалауларды қолдана отырып, міндеттемелердің баланстық құнын және болжанатын ақшалай қаражаттардың дисконтталған болашақ ағындарын (сыйлықақыларды, шағымдарды, шығындарды, инвестициялар бойынша қайтарымдарды және басқа баптарды қоса алғанда) салыстыру арқылы жасалады.

Егер міндеттемелердің жетіспеушілігі анықталса (яғни сақтандыру міндеттемелерінің баланстық құны болашақтағы болжамды ақша ағындарынан аспаса), онда мұндай жетіспеушілік пайда мен залал және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есептілікте толық танылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар қорлары болжамды шығындардың түпкілікті бағасын білдіреді және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың қорын (бұдан әрі - «МРШҚ») және орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың қорын (бұдан әрі - «ОМШҚ») қамтиды.

МРШҚ есепті күнінде реттелмеген қолданыстағы мәлімделген шағымдарға қатысты құрылады. Бағалау сақтандыру жағдайын тергеу кезінде Компания алған ақпаратқа негізделеді. ОМШҚ Компания статистикасы бар сақтандыру сыныптары бойынша, сақтандыру үшбұрыштарын қамтитын актуарийлік есептеу әдістерін қолдана отырып, алдыңғы шағымдардың тарихын/сақтандыру шағымдарын реттеу тарихын негізге ала отырып есептейді. Статистикасы жоқ сақтандыру сыныптары бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақылары сомасының кемінде 5% мөлшерінде ОМШҚ құрылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар қорларындағы қайта сақтандырушылардың үлесі қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесіне сәйкес есептеледі.

Соңғы 2019 жыл бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша жиналған жалпы сыйлықақылардың көлемі 10 135 512 мың теңге құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға көп болды. 2019 жылы Компания КҚИ АҚЖ міндетті сақтандыру сияқты сыныптар бойынша сыйлықақы жинауды 16%-ға, автокөлік сақтандыруды 24,3% -ға, басқа сақтандыруды 33%-ға арттырды. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар көлемі 1 384 082 мың теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 2,7%-ға аз. Компанияның меншікті ұстап қалуы 2019 жылдың нәтижесі бойынша 86%, 2018 жылы 85% құрады. 2019 жыл бойынша таза сақтандыру сыйлықақылары 8 751 430 мың теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға артық.

Сақтандыру қызметінен түсетін табыстар 2019 жылы 8 661 650 мың теңгені құрады, ал, 2018 жылы олар 7 493 347 мың теңгені құрады, өсім 15,6% болды.

2019 жылы Компания инвестициялық қызметтен 1 180 590 мың теңге мөлшерінде кіріс алды, 2018 жылы инвестициялық кіріс 1 223 100 мың теңгені құрады.

Соңғы 2019 жылы Компания 4 709 618 мың теңге мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 22%-ға көп. Таза сақтандыру төлемдерінің көлемі 4 647 800 мың теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 40,6%-ға көп.

Негізгі сомалар автокөлік иелерін АҚЖ міндетті сақтандыру, мүлікті, АҚЖ, автокөлік құралдарын ерікті сақтандыру, сондай-ақ медициналық сақтандыру бойынша төленді. Бұл сақтандыру сыныптары үлесіне Компанияның барлық төлемдерінің 99% жатады.

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте танылмайды, бірақ экономикалық пайданы білдіретін қорлардың жылыстауы екіталай болса, жеке қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте көрсетілмейді, бірақ экономикалық пайда алу мүмкіндігі болған кезде ашып көрсетіледі.

Қаржылық жағдай туралы жеке есептілікті (түзету оқиғалары) дайындау күніндегі Кмапниянның жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Жыл аяқталғаннан кейін орын алған, түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар маңызды болса, ескертпелерде ашылады.

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылық есептілік Компания басшылығымен 2020 жылдың 18 мамырында шығарылуға бекітілді.

Басқарма Төрағасы _____ **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер _____ **Шалгинбаева А.К.**

ӘРТҮРЛІ

3. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ **2020 жылғы 21 шілдеде** Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 11:00-де мемлекеттік мүлік Тізілімінің аукцион залында *(www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша интернет желісінде орналастырылған)* электрондық аукцион өткізеді.

Ең төменгі баға белгіленбей, бағаны төмендету әдісі бойынша:

1. 2008 ж.ш. м/нD 331 BY, УАЗ 31629-016автокөлігі. Бастапқы құны 420 000 теңге,кепілдік жарнасы 63 000 теңге.

2. 2007ж.ш. м/н 619 АО 04,Лада 21070 автокөлігі. Бастапқы құны 450 000 теңге,кепілдік жарнасы 67 500 теңге.

3. 2004ж.ш. м/н D 772 BH, УАЗ 31512 автокөлігі. Бастапқы құны 777 000 теңге, кепілдік жарнасы 116 550теңге.

4. 1988ж.ш. м/н D 481 CZ, Газ 5314 автокөлігі. Бастапқы құны 543 240 теңге, кепілдік жарнасы 81 486теңге.

5. 2004ж.ш. м/н 163 АІ 04, УАЗ 396259 автокөлігі.Бастапқы құны 872 820 теңге, кепілдік жарнасы 130 923 теңге.

6. 1987ж.ш. м/н 153 АІ 04, Газ 53 Б автокөлігі. Бастапқы құны 565 200 теңге, кепілдік жарнасы 84 780 теңге.

Сауда-саттықтың бағаны төмендету бойынша аукционды өткізу тәртібі:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы Жекешелендіру объектілерін сату қағидасының 46-тармағына сәйкес *(әрі қарай – Қағида)* белгіленген қадамға азаяды;

2) егер аукцион басталған сәтте жекешелендіру объектісі бойынша аукцион залында екі қатысушыдан аз тіркелсе және болса осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Қатысуға тілек білдірушілер мемлекеттік мүлік Тізілімнің веб-порталында мыналарды көрсете отырып, (эл.адрес: www.gosreestr.kz) тіркелуі қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (әрі қарай – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (әрі қарай – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған аукционға қатысуға өтінімді Тізілімнің веб-порталында тіркеу және кепілдік жарна төлеу қажет.

Кепілді жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына төленеді: Кепілді жарнаны алушы – **«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, ЖСК KZ946017111000000330, БСК HSBKKZKX КБе 16, КНП 171;**төлемнің белгіленуі – аукционға қатысу үшін кепілді жарна (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді).

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы 8/7132/54-35-92 немесе Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 үй, 412 кеңсеге жолығып білуге болады.

ТАРАТУ

2. «KazDYNAenergetics» /КазДИНАэнерджетикс/ ЖШС (БИН 060240004783) өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Арыздар осы таратылу туралы хабарламаны жариялаған күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 95А, 35-кабинет.

7. «Дихан-Б» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. БСН 170240029008, тіркелген күні 23.02.2017 ж. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылы, Сығанақ көшесі, №17 үй, инд. 120311.

СПК «Дихан-Б».

8. «Ақжол» несие серіктестігі» ЖШС, БСН 121040021762, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы, Төлеп Алшен көшесі, 27.

13. «Ынтымақ шуағы» қоғамдық қоры (БСН 190240009641) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Шәкәрім Құдайбердіұлы көшесі, 109-үй.

4. 20.10.2019 ж. қайтыс болған Алмабаев Кенжегазы Алмабаевичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерінің ШҚО, Семей қаласы, 408 орам, 20/84 үй мекенжайы бойынша нотариус Г.М. Бекишеваға жолығулары сұралады. Тел.: 8 707 330 60 27, 42 02 98.

12. Өскемен қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 22.06.2020 ж. ұйғарымымен «М-Партнер» ЖШС, БСН 090740017055, оңалту туралы іс қозғалды. Істі жүргізу күні 2020 жылдың 3 шілдесіне тағайындалды.

14. «Profit Trade LTD» ЖШС, БСН 160 540 024 968, жалпы жиналыс қатысушыларының жарғылық капиталының азайғаны туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Павлодарская, 82, кеңсе 1.

Баспасөз – 2020

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң», «Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға
«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**
жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ **«Юридическая газета»**
жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ **«Заң» журналы** – 75849

✓ **«Фемида»** – 75858

zanreklama@mail.ru

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары және аппараты ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы

Өтеген ЫҚСАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары және аппараты ҚР Жоғарғы Соты Персоналды басқару бөлімінің меңгерушісі Жанат Сақыбайұлы Бекжановқа анасы, тыл және еңбек ардагері

СМАҒҰЛОВА Несіпжамал Ғаббасқызының

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары қауымдастығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының экс-төрағасы

ЫҚСАНОВ Өтеген Ықсанұлының

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы отставкідегі судья

ЫҚСАНОВ Өтеген Ықсанұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, жақындары мен туыстарына көңіл айтады.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар Одағының Алматы қалалық филиалы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) персоналды басқару бөлімінің (кадр қызметі) меңгерушісі Бекжанов Жанат Сақыбайұлына анасы

Несіпжамал ҒАББАСҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ұжымы әріптесіміз Өтеғалиев Досымбек Қонысбекұлына апасы

ҚОРҒАНБЕКОВА Сәуле Өтеғалиқызының

мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Заң» Медиа-корпорациясы» ұжымы «Заң газеті» басылымының Нұр-Сұлтан қаласындағы меншікті тілшісі Тұрмағамбетова Айша Құрманғалиқызына жұбайы, белгілі журналист

Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының ұжымы, Жоғарғы Соттың Кадр бөлімі басшысы Жанат Сақыбайұлына анасы

Несіпжамал ҒАББАСҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,факс: 8 (727) 292-29-92

E-mail:
zanreklama@mail.ru

Нұр-Сұлтан қаласы
Абай көшесі,78,105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Қандыбаева» ЖК, Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

ТОО Арлан-консалтинг, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А». Тел.: 8 (705) 798-58-18

«TRade and service» ЖК, Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., М.Горький көшесі,37,107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ИП «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

Ершова Людмила ЖК, Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,20 б.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ИП «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ИП Новоселова, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

«Версаль Бизнес», Атырау қаласы,Сырым Датов көшесі,35-үй,«Сырым Тобе» БО,102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIROS», Алматы қ.,Жібек жолы көшесі, 55,Алма сауда орталығы,4-қабат,419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

МӘСЕЛЕ

Адай СЕКЕНҰЛЫ, Еуразия ұлттық университеті туризм кафедрасының профессоры, география ғылымының докторы:

«ТУРИЗМДІ МӘДЕНИЕТ және СПОРТ МИНИСТРЛІГІ БАСҚАРА АЛМАЙДЫ»

(Соңы Басы 1-бетте)

Олар ақша табатын мүмкіндікті көзбен көріп, қолмен қойғандай болғанда ғана қаржысын салуға тәуекел жасайды. Сол үшін оларға туристік ресурстың географиялық кеңістікте орналасуы, барыс-келіс мүмкіндігі, климаты жайлы барлық ақпаратты сақадай сай етіп ұсынған жөн дейміз. Бұл үшін мемлекет қаржыны аямай жұмсау керек. Жұмыс сапалы атқарылуы үшін оған география, орман шаруашылығы, геология, гидрология саласының мамандары кеңінен тартылуы қажет. Осы жұмыс туризмді дамытудың алғашқы қадамы. Туризм жасалатын өңірлерді осы базадан алуымыз керек.

Ал, мемлекеттің қазіргі таңдағы туризмді басқару тетігі тұтастай қате. Осы пікірімді бес жыл бойы барлық республикалық БАҚ-та айтып келе жатырмын. Бұл салаға нақты иенің болмауының салдары. Оны біресе ана министрлікке, біресе мына министрлікке лақтырады. Қазір туризмді Мәдениет және спорт министрлігіндегі шағын ғана комитеттің еншісіне беріп қойды. Ол жерде отырған жиырма шақты адамның денінің туризм саласынан еш хабары жоқ. Былтыр әрең дегенде өзімнің бір магистрантымды кіргіздім. Сол ұжымда тым құрығанда екі туризм маманы кем дегенде бес жыл тұрақты жұмыс істеу керек. Басталған жұмыс мамандардың жиі ауысуынан аяқсыз қалып жатыр. Қабылданған шешім ақырына жетпейді. Әрбір жаңадан келген шенеунік қыруар қаржыны шығындап, бәрін жаңадан бастағысы келеді. Мұндай келеңсіздіктен арылу үшін басқару тетігін өзгерту керек.

Туризмді Мәдениет және спорт министрлігі басқара алмайды. Өйткені, онда бұл саланың жұмысын тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін құзырет жоқ. Соның салдарынан ондағы әлгі жиырма шақты адам ұсақ-түйек шаруамен айналысып отыр. Олар қазір негізінен туристік компаниялардың, туроператорлардың, гидтердің жұмысымен айналысуда. Бұл өте күлкілі жағдай. Негізі мұндай шараларды облыс, қала, ауданның туристік мекемелері атқаруы керек. Министрліктегілер ұсақ-түйек жұмысқа жабысып қалмай, мұның бәрін төмендегілерге беру керек. Бұлай болмаған жағдайда жиырма тұрмақ екі мың адаммен де саланы дамыту мүмкін емес.

Бізде әртүрлі бағдарлама көп. Мәселен, 2019–2025 жылдарға арналған туристік саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Ондай бағдарламаны уикипедиядағы материалдан көшіріп, менің бакалаврда оқитын студенттерім де жасап бере алады. Аталмыш бағдарлама Қазақстанның жағдайына сай емес. Мұндай іс-шаралар кешенін жердің тарихын, табиғатын жетік білетін өз мамандарымыз түзе алады. Өкінішке орай, оны бүгінде пәленбай қаржы төлеп, Венгриядан, Кореядан шақыртып жасатуда. Олардікі батпырауық секілді аспанда салақтап жүреді. Бізде шенеуніктер Қазақстанды Еуропамен салыстырғанға құмар. Шынымда айтсам, оларда логикалық ойлау жоқ па деп қаламын. Өйткені, Қазақстанның территориясына оншақты Еуропа мемлекеті сыйып кетеді. Бір ғана Ұлытау Еуропаның бірнеше мемлекетіне бара-бар. Сосын олардың туризмі үш жүз жылдан бері дамуда. Мұндай жағдайда біз қалай олар жүрген жолмен жүре аламыз? Бұл мүмкін емес. Қазақстан өзін айналасындағы жақын елдермен салыстыру керек. Бізге бәсекелес солар.

Яғни, әлемнің туризмі дамыған қай еліне қарасаңыз да, алдымен ұлттық этнографиялық туризмді бірінші орынға қояды. Франция, Америка, Голландия, Қытай, Италияда, тағы басқа да экономикасы қуатты мемлекеттерде ауыл туризмі керемет дамуда. Оларда арнайы субсидия бөлінеді. Бұл елдер соның арқасында ауылдағы халықтың әлеуметтік жағдайын көтеріп отыр. Өйткені, туризм адамдар ағысын тудырады. Мұндай үрдістен туған жер жайлы ақпараттар көп болады да, сәйкесінше, бұл капиталдың шоғырлануына жол ашады.

Біздің де бәсекелестікке ең қабілетті бағытымыз – ұлттық этнографиялық туризм. Өйткені, адамдар таза экологиялық өнімнің шығатын жерін аралап көріп, сол өнімді қайнар көзінен ішкенді қалайды. Мысалы, біз бір ғана қымыздың өндірілу технологиясын көрсету арқылы қазақтың тамыры терең тарихын насихаттауға мүмкіндік алар едік. Әрине, мұны жүзеге асыру үшін үлкен ғылыми жоба жасалуы керек. Мұны қолға алуға министрліктің мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, үкіметтің жанынан Қазақстан Республикасының туризм индустриясына жетекшілік ету комиссиясы құрылуы керек. Оған жоқ дегенде Асқар Маминнің өзі немесе вице-премьер Ералы Тоғжанов жетекшілік ету керек. Оның құрамына мәдениет, ауылшаруашылығы, ішкі істер, геология салалары бойынша құзыретті органдардың жетекші қызметкерлері ену қажет. Туризмді осылай мемлекет өз бақылауына алмайынша, қазіргідей туризмнің миллиардтаған қаржысы тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кете береді. Өйткені, бізде жобаларға мемлекеттік аудит жасалмайды. Алдымен ғылыми жоба дайындалып, оны іске асыру мүмкіндігі, ғалымдардың талқылауынан өту керек. Егер жобаны жасаушылар мұны дәлелдей алмаса, қаржы бөлінбеуі тиіс. Өкінішке орай, бізде мұндай шара жоқ. Соның дәлелі – Алматыда Көкжайлауға салынған қаржы. Тиімділігі дәлелденбеген бұл жоба орта жолдан тоқтатылды. Сөйтіп, халықтың салығынан құралған қыруар қаржы желге ұшты. Туризм саласының тізгінін ұстап отырғандар, аймақтардағы әкімшіліктегілер отандық ғылыми-зерттеу институттарын көзіне ілмейді де. Өзімбілемдікпен әкімшілік тұрғыдан шешім қабылдай салады. Ол қаржының есебі қайда, қанша адам жұмыспен қамтылды, инфрақұрылымға әсері жайлы еш ақпар жоқ. Нәтиже болса да, айқын емес. Сондықтан, мұндай шаралардың бәрін халық біреудің бизнесі деп біледі. Мысалы, шетелден шақырылатын туристерді тіркеуге алуды көші-қон полициясына беріп қойды. Бұл мекемеде туристер екі аптасын жоғалтады. Мұндай тәртіп олар үшін өте тиімсіз. Президенттің өзі келген туристерді көші-қонға тіркету деген не сұмдық, қонақ үйдің өзіне де тіркеуге болады ғой, деп айтқан еді. Қазір «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы дейміз. Неге соны осындай шараларда пайдаланбаймыз, өйткені, елімізде туризм саласына мамандық дайындайтын алпыстан астам оқу орны бар. Шынын айту керек, олардың материалдық-техникалық базасы өте төмен. Зертхана деген жоқ. Болашақ мамандар үшін мұндай база қонақжайлық бизнес болу керек. Оқу орындарына жұлдызды қонақ үйлерді, мейрамханаларды бекітіп беруі қажет. Мысалы, Қытайда туризм институтының жанында қаншама лаборатория бар. Оларда жұлдызды қонақ үйлердің стандартты номерлері, ресторандары студенттердің тәжірибе алаңы. Өкінішке орай, бізде бәрі тек теория жүзінде. Тәжірибе жүзінде ешнәрсе берілмейді. Мұндай жағдайда кадрлардан не күтуге болады? Олардың көбі диплом алған соң туризм саласында жұмыс істемейді. Сосын оқу бітірген соң мекеме, сауда орындарында күзетші, кондуктор болады. Мемлекет негізі елдегі оқу орындарына жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отыруы тиіс. Қайсысы талапқа сай маман дайындап жатыр, олар қайда жұмыс істеуде, осының бәрін анықтап, бұл істің тиімділігін арттыру үшін нақты шаралар қабылдау керек. Әйтпесе, бүгінде елімізде шетелден келетін тым құрығанда елу туристке талапқа сай қызмет көрсете алатын маман жоқ. Сосын бізде көрме экономикасы да дамымай қалған. ЭКСПО-дан алған пайдамыз да шамалы. Негізі, маусымдық шектеулерге ұшырамайтын көрмелердің пайдасы өте зор. Оларды турзимнің қосалқы саласы ретінде пайдалануға болады. Бұл сала да жанашыр көзқарастың, қолдаудың жоқтығынан кенжелеп тұр.

Жалпы, туризм мұнай, алтын емес, жерден қазып алып, бірден ақшаға айналдырып әкететін, алдымен ғылыми жоба жасап, оны шыдамдылықпен баладай баптап, іске қосу керек. Ол кемі бес, көбі он-он бес жылдан соң нәтиже береді. Содан соң тоқтамай, елдің дамуына үлесін қосатын болады. Бүгін қолға алған жобалар он, жиырма, тіпті, елу жылдан кейін жемісін берсе, онда біз текке жұмыс істемеген боламыз. Мысалы, Әмір Темірдің заманында, яғни, мың жыл бұрын салдырған Самарқанның пайдасын өзбек ағайындар бүгін көріп отыр. Біздің шенеуніктер бәрін қағаз жүзінде көрсетуге дағдыланған. Айталық, Астанада сақтардың мәдениет бақшасын салып қойсақ, ол жерде туристер елордадағы саяхатын жарты күнге ұзарта алар еді. Бұл үлкен табыс әкеледі. Қазір шетелден келетін туристерге бес жұлдызды қонақ үйлерді көру таңсық емес. Оларды қызықтыратын біздің ұлттық этнографиялық мәдениет, көшпелі қазақтардың өркениеті, өндіріс, тағамдар, тоқетерін айтқанда, ұлттық дүниелер. Тарихымыздан мағлұмат беретін кәдесыйлар жасалып, саудаға шығарылу керек. Қазір Нұр-Сұлтанға келген турист Әзірет Сұлтан мешітіне барады да, түстен кейін Хан шатырдан шыға келеді. Одан әрі көретін жер жоқ. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының оң жағалаудағы ескі жағын қазір абаттандыра алмай жатырмыз. Неге оны туризмге пайдаланбасқа?! Бұл оның инфрақұрылымын дамытуға ықпал етер еді. Мұның бәрі халықаралық тәжірибеде бар нәрсе. Қаланың инфрақұрылымы – мәңгі шешілмейтін проблема. Егер оны туризмнің бір бағытына айналдырып жіберсек, бұл мәселе өздігінен реттелер еді. Мен, мысалы, Қытайдың Тянь-Шянь тауы етегіндегі Нарад жайлауында Үйсін елін жасап қойдым. Оған бүгінде жылына 1 млн турист келеді.

Біз көзге көрініп, туризмге сұранып тұрған өзен-көлдердің, табиғи аймақтардың да қадіріне жетпей отырмыз. Мен, тіпті, осы байлығымыздан айырылып қаламыз ба деп қорқамын. Өйткені, Бурабайдың қазіргі күйі өте алаңдатарлық жағдайда. Оны кезінде арнайы туристік аймақ ретінде қамқорлыққа алу туралы үкіметке ұсыныс білдірген едім. Өйткені, қазір табиғаттың бізге сыйлаған осынау жер жаннатына еш шектеусіз кіретін көліктердің көптігінен аймақтың экологиялық жүйесі бұзылып барады. Оған кірер жолды Щучинскіден жауып, ақылы жасауға тиіспіз. Өйткені, бұл өңірге демалысқа келетін туристер – дәулетінің деңгейі бар адамдар. Бұдан түскен қаржы аймақтың инфрақұрылымын дамытып, экожүйесін дұрыстауға жұмсалу керек. Сол секілді Алакөлге де осындай көзқарас керек. Қазір ол жекелерге бөлініп берілуде. Олар ешнәрсені талапқа сай жасап жатқан жоқ. Осының бәрі қадағалануы керек. Жалпы, туризмді нарық экономикасы жағдайында қатаң заң және стандарттық жүйе арқылы дамытуға болады.

Жалпы, туризм мұнай, алтын емес, жерден қазып алып, бірден ақшаға айналдырып әкететін, алдымен ғылыми жоба жасап, оны шыдамдылықпен баладай баптап, іске қосу керек. Ол кемі бес, көбі он-он бес жылдан соң нәтиже береді. Содан соң тоқтамай, елдің дамуына үлесін қосатын болады. Бүгін қолға алған жобалар он, жиырма, тіпті, елу жылдан кейін жемісін берсе, онда біз текке жұмыс істемеген боламыз. Мысалы Әмір Темірдің заманында, яғни, мың жыл бұрын салдырған Самарқанның пайдасын өзбек ағайындар бүгін көріп отыр.

Пікірді жазып алған
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Айгүл АХМЕТОВА**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібай 8 701 357 66 84.

Ақмола облысы Қалкөз Жүсіп 8 701 300 14 74.

Түркістан облысы Шадияр Мекенбайұлы 8 775 733 56 65.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5942 дана
Апталық таралым 11 884 дана

Тапсырыс №93 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31